

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Национальная академия образования имени И. Алтынсарина



**БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ ЖАҢАРТЫЛҒАН ОҚУ
БАҒДАРЛАМАСЫМЕН «БИОЛОГИЯ» ОҚУ ПӘНІН
(10-11-СЫНЫПТАРДА) ОҚЫТУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК
ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ
ПО ИЗУЧЕНИЮ УЧЕБНОГО ПРЕДМЕТА «БИОЛОГИЯ»
(10-11 КЛАССЫ) ПО ПРОГРАММАМ ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ
ОБРАЗОВАНИЯ**

Нұр-Сұлтан
2020

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2020 жылғы 26 қарашадағы № 3 хаттама)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 3 от 26 февраля 2020 года)

Білім беру мазмұны жаңартылған оқу бағдарламасымен «Биология» оқу пәнін (10-11-сыныптарда) оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2020. – 120б.

Методические рекомендации по изучению учебного предмета «Биология» (10-11 классы) по программам обновления содержания образования. – Нур-Султан: НАО имени И. Алтынсарина, 2020. – 120с.

Әдістемелік ұсынымдарда білім мазмұнын жаңарту аясында (10-11-сыныптар) «Биология» пәні оқу бағдарламасының ерекшеліктері, пәнді оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістері, қысқа мерзімді жоспар дайындау және критериалды бағалауды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар берілген, 10-11-сыныптар үшін «Биология» пәні бойынша қысқа мерзімді жоспарлардың үлгісі ұсынылған.

Әдістемелік ұсынымдар білім беру ұйымдарының басшылары мен қызметкерлеріне, білім басқармаларының басшылары мен әдіскерлеріне, биология пәні мұғалімдеріне және мектепте оқу процесін жоспарлау мәселесімен айналысатын мүдделі тұлғаларға бағытталған.

В методических рекомендациях рассмотрены особенности учебной программы «Биология» (10-11 классы) в рамках обновления содержания, формы и методы организации обучения учебного предмета «Биология», методические рекомендации по разработке краткосрочных планов и организации критериального оценивания, представлены примерные краткосрочные планы по учебному предмету «Биология» для 10-11 классов.

Данные методические рекомендации адресованы руководителям и работникам организаций образования, начальникам и методистам управлений образования, учителям биологии и всем, кто интересуется вопросами планирования образовательного процесса в школе.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2020.
©Национальная академия образования
им. И. Алтынсарина, 2020.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Назарбаев зияткерлік мектептерінің оқыту жүйесі мен әдістемесі мемлекеттік мектептер үшін бірыңғай стандарт болуға тиіс. Бұл мектеп білімін реформалаудың қорытынды кезеңі болады», - деп атап көрсетіп, оқыту сапасын күшейту керектігін айтты [1].

Қазіргі таңда еліміздегі білім беру жүйесі түбегейлі жаңаша бағытқа негізделген реформалар кезеңін бастан кешіріп жатыр.

Білім беру жүйесінде жасалып жатқан реформалар барлық деңгейлердегі білім мазмұнын жаңартуға және өсудің тұрақты даму кезеңіне өтуге бағытталған. Осыған байланысты жалпы орта білім берудің барлық пәндері бойынша жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламалары әзірленді.

10-11-сыныптарына арналған «Биология» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы орта мектепте биология пәнінен адам және қоғам жөнінде барынша мол білім берумен қатар, білім мазмұнын тұлғаға бағыттау, тұлға мүддесіне бейімдеуге негізделген. Егер, оқушылардың білім мен білік, дағдысын жеке өмірлік жоспарларын іске асыруға, өз денсаулықтары мен өмірін қорғауға мүмкіндік берсе, олардың пәнге қызығушылығы артатыны сөзсіз.

2019-2020 оқу жылынан бастап 10-сыныптар жаңартылған бағдарлама бойынша білім алу жүйесіне көшті.

Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламалары – заман талабына сай болашақ ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Жаңа бағдарлама белгілі бір білім беру материалын беруге емес, күтілетін нәтижелерге бағытталғалған.

«Биология» пәнін жаңартылған мазмұнда оқыту оқушыларға биологиялық процестердің мағынасын, негізгі заңдар мен заңдылықтарды түсініп, оларды шынайы өмірде қауіпсіз қолдана алуға, сонымен қатар, эксперименттік және тәжірибелік дағдыларын дамытуға негізделген.

Мақсат: Білім мазмұнын жаңарту аясында (10-11-сыныптарда) «Биология» оқу пәнін оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдарда жаңартылған білім мазмұны жағдайында пәнді оқытуды ұйымдастыру, бағалау критерийлерін жасау бойынша әдістемелік ұсынымдар беру.

Сонымен қатар, «Биология» пәнін оқыту мен оқуда педагогикалық технологиялар мен әдістерді қолдану, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізудің тиімді жолдарын күшейту, оқытудағы сандық білім беру ресурстарын қолдану бойынша ұсынымдамалар берілген.

1 «Биология» пәні бойынша (10-11-сыныптарда) жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасының ерекшеліктері

Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес әзірленген.

«Биология» оқу пәнінің мақсаты – білім алушылардың заман талаптарына сай білімдері мен біліктерін дамыту; өмірдің мәнін, дамуын, оның түрлі ұйымдасу деңгейлерінде көрініс табуын түсіну; өмірдің ең басты құндылық ретіндегі маңызын түсінетін жан-жақты дамыған тұлғаны дайындау.

Оқу пәнінің міндеттері:

1) табиғаттың даму заңдарын түсінуге негізделе отырып, адамның табиғаттағы рөлін анықтайтын маңызды биологиялық білімдер мен біліктер ауқымын кеңейту;

2) табиғаттың даму және тіршілігін жалғастыру заңдарын жаңа білімдерді алу, оларды ары қарай дамыту және тереңдету негізі және құралы ретінде пайдалану;

3) жүйені меңгеру барысында ғылым білім мен дүниетаным негіздерін; шығармашылық дербестік пен сын тұрғысынан ойлау қабілетін; зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру;

4) әдеп мәселелерімен және қоғамның әлеуметтік өмірі мен еңбек әрекетіне тікелей қатысумен байланысты қоршаған шынайылықта еркін бағдарлануға мүмкіндік беретін, бастамашыл тұлғаның қасиеттерін дамыту;

5) білім алушылардың білім алуды және өздігінен білім алуды жалғастыруы үшін қажетті зияткерлік біліктерді дамыту.

«Биология» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

Жаратылыстану-математикалық бағытта:

10-сыныпта – аптасына 4 сағат, оқу жылында 136 сағат;

11-сыныпта – аптасына 4 сағат, оқу жылында 136 сағат.

Қоғамдық-гуманитарлық бағытта:

10-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

11-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат.

Оқу бағдарламасының мазмұны оқытудың бөлімдері арқылы ұйымдастырылған. Оқу пәнінің мазмұны 1-суретте ұсынылады.



1-сурет. «Биология» пәнінің мазмұны

Биологиялық ғылымдар тірі организмдердің құрылымы мен функцияларын, олардың дамуы мен тіршілік ортасымен өзара қарым-қатынасын зерттейді. Қазіргі заманғы көзқарастар бойынша өмір – бұл ірі органикалық молекулалардан тұратын және энергия мен қоршаған ортамен заттармен алмасу нәтижесінде өз өмірін сақтап қалуға және өзін-өзі қалпына келтіруге қабілетті күрделі биологиялық жүйелердің өмір сүру процесі.

Құрлықта, суда тіршілік етуші барлық тірі организмдердің сан алуан түрін зерттеу жылдан жылға артып келеді. Соның нәтижесінде микроағзалардың, өсімдіктердің жүздеген түрі ашылып жатыр. Тіршілікте өсімдіктердің 500 мыңнан астам, жануарлардың миллиондаған түрі бар.

Оқу бағдарламасында осындай алуан түрлі тіршілік иелерінің құрылысы, мекен ету ортасы, қоректенуі, тыныс алуы, зат алмасуы сияқты өмір сүру ерекшеліктері туралы білім беретін арнайы бөлім бар.

«Тірі ағзалардың көптүрлілігі, құрылымы мен қызметтері» бөлімінің мазмұны 2-суретте ұсынылады.



2-сурет. «Тірі ағзалардың көптүрлілігі, құрылымы мен қызметтері» бөлімінің мазмұны

Барлық тірі организмдер өздеріне қолайлы ортада өмір сүреді және табиғат заңына сай көбейіп, ұрпақ қалдырады. Ағза өмір сүріп тұрғанда тұқым қуалаушылық та қатар жүреді. Сыртқы орта тұқым қуалаушылық белгілерін анықтайды және оның деңгейін анықтайды. Қоршаған орта мен тұқымқуалаушылықтың өзара әсері ағзаның қандай екенін және оның болашақта қандай болатынын анықтайды.

Өзгергіштік кез келген ұрпақта жекелеген даралар бір-бірінен және ата-анасынан ерекшеленеді. Бұл жағдай әрбір ағзаның қасиеттерін анықтайтын тұқым қуалаушылық ақпараттары мен тіршілік ету ортасына байланысты жүреді. Өйткені сыртқы орта жағдайларына қарай әрбір ағзаның жеке даму үдерісі жүреді.

«Көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік. Эволюциялық даму» бөлімінде көбеюдің түрлері, тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдары, тірі табиғаттың даму тарихы туралы білім беріледі.

«Көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік. Эволюциялық даму» бөлімінің бөлімшелері 3-суретте берілген




3-сурет. «Көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік. Эволюциялық даму» бөлімі

Тіршілік иелерінің барлығы да жердің тіршілік қабатында – биосферада өмір сүреді. Тірі ағзалар мен олардың тіршілік ортасы өзара тығыз байланысып, ұдайы өзгеру мен даму жағдайында болатын жүйелер жиынтығын құрайды. Биосфераны құрайтын тірі ағзалар шартты түрде екі үлкен топқа біріктіріледі: флора және фауна.

Экожүйе – тірі ағзалар жиынтығының қоректену, өсу және ұрпақ беру мақсатында, белгілі бір тіршілік ету кеңістігін бірлесе пайдалануының тарихи қалыптасқан жүйесі. Экожүйе құрамына организмдер де, табиғи орта да кіретін тірі табиғаттың негізгі функционалдық бірлігі болып табылады. Экожүйенің құрылымын энергияны трансформациялаудың үш деңгейі (консументтер, продуценттер, редуценттер) мен қатты және газ тәрізді заттар айналымы құрайды.

«Ағза мен қоршаған орта» бөлімі» бөлімі биосферадағы, экожүйедегі және популяциядағы тіршіліктің жүру үдерісі, экологиялық факторлар мен экологиялық сукцессиялар, адам әрекетінің экожүйеге әсері туралы мағлұмат береді. ««Ағза мен қоршаған орта» бөлімінің мазмұны 4-суретте берілген.



4-сурет. «Ағза мен қоршаған орта» бөлімі

Жаңартылған мазмұн бағдарламасының сабақтастығы, білім алушылар «Биология» пәнін оқытудың бірінші жылынан бастап биология ғылымдарының өзекті мәселелерін зерттейді.

Биохимияны оқу арқылы оқушылар тамақ өнеркәсібінен де, фармацевтика, медицина саласынан да хабардар болады.

Алғашқы биохимиялық мағлұматтар адамзатқа өте көне заманнан таныс. Мысалы, адам баласы өте ерте кезден – ақ нан пісіруді, шарап, дәрі – дәрмек жасауда, тері илеуде және т.б. биохимиялық процестерді пайдаланған. Бірақ, бұл адам баласының тәжірибесіне ғана негізделген білімдер еді.

«Қолданбалы кіріктірілген ғылымдар» бөлімінде биотехнология, биомедицина, биофизика сияқты ғылымдармен танысады.

«Қолданбалы кіріктірілген ғылымдар» бөлімінің мазмұны 5-суретте берілген.



5-сурет. «Қолданбалы кіріктірілген ғылымдар» бөлімі

Бағдарламада 2013 жылғы мазмұнның барлығы сақталды, тек жаңадан қосылған тақырыптар бар.

Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасына жаңадан қосылған тақырыптар:

• *Миелинденген нейрондарда әрекет потенциалын бастамалау және оның трансмиссиясы*

- *Белсенді транспорт механизмі (натрий-калий сорғысы)*
- *Қартаю теориялары*
- *Діңгекті жасушалар*
- *Жасушалардың желілі ұлғаюының есебі*
- *Ферменттерді баяулату түрлері*
- *Антиген-антидене реакцияларының механизмі*
- *Өсімдіктердің микрклоналды көбею әдістері,*
- *Рекомбинантты ДНҚ алу тәсілдері*
- *Ағзаны клондау*
- *Моноклоналді антиденелерді алу*

Жаңартылған білім бағдарламасының ең бірінші ерекшелігі пән мазмұнының шиыршықты түрде берілуі. Шиыршық қағидаты бойынша құрылған білім беру бағдарламасы Джером Брунердің «Білім беру үдерісі» (1960) атты еңбегінде қарастырылған танымдық теорияға негізделеді. Брунердің жұмысына негізделген шиыршық түрде білім беру бағдарламасының негізгі ерекшеліктері:

✓ оқушы мектепте оқыған кезде тақырыпты немесе пәнді бірнеше рет қайталап оқиды, мұнда тақырыптар әртүрлі деңгейде қайталанатын;

✓ қайталап оқыған сайын тақырыптың немесе пәннің күрделілігі арта түседі, мұнда тақырыптар әрбір келесі деңгейде алдыңғыға қарағанда анағұрлым күрделі әрі тереңдетіліп оқылуы тиіс;

✓ жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады, мұнда деңгей жоғарылаған сайын, тақырыптың күрделілігі артып отыруы керек [2].

Негізгі бөлімдер жылдан жылға қайталанып, әрбір бөлім бойынша оқу мақсаттары білім алушылардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып күрделенетініне назар аудару керек.

Әрбір бөлімдегі оқу мақсаттары білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқудың әр кезеңінде маңызды түсініктер жүйелі түрде қайталанып отырады.


Келесі кезекте оқу мақсаттарының шиыршықты түрде келуін қарастырайық.

«Тірі организмдердің көп түрлілігі, құрылымы мен қызметтері» мысалында «шиыршық» қағидасының орындалуының мысалы 6-суретте келтірілген.




6-сурет. «Тірі организмдердің көп түрлілігі, құрылымы мен қызметтері» мысалында «шиыршық» қағидатының орындалуының мысалы.

«Көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік, эволюциялық даму» бөлімінде тірі ағзалардың көбеюі туралы білімі сыныптан сыныпқа күрделене түседі. Бөлім бойынша желілік қағидатының мысалы 7-суретте ұсынылады.



7-сурет. «Көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік, эволюциялық даму» бөлімі мысалында шиыршықты қағидаты

«Қолданбалы кіріктірілген ғылымдар» бөлімі бойынша шиыршықты қағидаты 8-суретте ұсынылады.



8-сурет. «Қолданбалы кіріктірілген ғылымдар» бөлімі мысалында шиыршықты қағидаты.

Оқу пәнінің жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-сыныптардағы базалық білім мазмұнының салыстырмалы кестесі 1-кестеде ұсынылады.

1-кесте. «Биология» оқу пәнінің жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-сыныптардағы базалық білім мазмұны салыстырмалы кестесі

10 –сынып ЖМБ	10-сынып ҚГБ
<i>Молекулалық биология және биохимия</i>	
<p>Жердегі тіршілік үшін судың маңызы; Көмірсуларды жіктеу: моносахаридтер, дисахаридтер, полисахаридтер. Липидтердің құрылымдық компоненттері. Нәруыздарды құрамы. Биологиялық нысандарда нәруыздың болуы Дезоксирибонуклеин қышқылы, Репликация механизмі. Рибонуклеин қышқылы.</p>	<p>Жердегі тіршілік үшін судың маңызы, Көмірсуларды жіктеу: моносахаридтер, дисахаридтер, полисахаридтер, Липидтердің құрылымдық компоненттері, Нәруыздарды құрамы, Биологиялық нысандарда нәруыздың болуы, Репликация механизмі. ДНҚ, РНҚ молекуласының құрылысы мен қызметтері.</p>
<p><i>Жасушалық биология</i> Жасуша органоидтерінің құрылысы мен қызметтері; Жасуша мембранасының құрылымы, қасиеттері және қызметтері арасындағы байланыс; Бактерия, саңырауқұлақ, өсімдік және жануар жасушаларының құрылым ерекшеліктері мен қызметтері.</p>	<p><i>Жасушалық биология</i> Жасуша органоидтерінің құрылысы мен қызметтерінің ерекшеліктері, Жасушаның негізгі компоненттері, Жасуша мембранасының құрылымы, қасиеттері және қызметтері арасындағы байланыс, Бактерия, саңырауқұлақ., өсімдік және жануар жасушаларының құрылым ерекшеліктері мен қызметтері.</p>
<i>Қоректену</i>	
<p>Ферменттер белсенділігіне әсер ететін факторлар мен жағдайлар: рН; температура; субстрат концентрациясы, фермент ингибитор және активатор.</p>	
<i>Заттардың тасымалдануы</i>	

Адам гемоглобині мен миоглобинінің құрылысы мен қызметі; Беттік аудан мөлшерінің көлемге қатынасының диффузия жылдамдығына әсері. Эритроцит жасушасы беттік аудан мөлшерінің, көлемге қатынасының маңызы; Пассивті тасымалдау.	Беттік аудан мөлшерінің көлемге қатынасының диффузия жылдамдығына әсері, Эритроцит жасушасы беттік аудан мөлшерінің, көлемге қатынасының маңызы Пассивті тасымалдау механизмі
Тыныс алу	
АТФ құрылысы мен қызметі, синтезі; Метаболизм түрлері. Энергетикалық алмасу кезеңдері; Митохондрияның құрылымы мен қызметтері; Кребс циклі.	АТФ құрылысы мен қызметі, синтезі; Метаболизм түрлері. Энергетикалық алмасу кезеңдері; Митохондрияның құрылымы мен қызметтері.
Бөліп шығару	
Абсорбция және реабсорбция. Зәрдің түзілуі; Адам денесіндегі қан мен басқа сұйықтықтарды жасанды тазарту. Диализ әсерінің себептері. Диализ әдістері; Созылмалы бүйрек жетіспеушілігі. Диализ және бүйрек трансплантациясы. Артықшылықтары мен кемшіліктері.	Су мөлшерін реттеу. Нысана мүшелер. Адам денесіндегі қан мен басқа сұйықтықтарды жасанды тазарту. Диализ әсерінің себептері,. Диализ әдістері. Созылмалы бүйрек жетіспеушілігі. Диализ және бүйрек трансплантациясы. Артықшылықтары мен кемшіліктері.
Жасушалық цикл	
Митоз; Өсімдіктер мен жануарлардағы гаметогенез;Онкологиялық жанатүзілулердің пайда болуы. Обыралды жағдайлардың туындауына әсер етуші факторлар; Қартаю. Қартаю үрдісі туралы теориялар.	Өсімдіктер мен жануарлардағы гаметогенез, Онкологиялық жаңа түзілулердің пайда болуы. Обыралды жағдайлардың туындауына әсер етуші факторлар, Қартаю. Қартаю үрдісі туралы теориялар.
Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары	
Модификациялық өзгергіштік; Белгілердің тұқымқуалауындағы цитологиялық негіздер; Тұқымқуалаушылықтың хромосомалық теориясы; Аллельді және аллельді емес гендердің өзара әрекеттесуі; Хромосомалар санының ауытқуымен байланысты адамның хромосомдық аурулары.	Модификациялық өзгергіштік; Белгілердің тұқымқуалауындағы цитологиялық негіздер, Аллельді және аллельді емес гендердің өзара әрекеттесуі, Хромосомалар санының ауытқуымен байланысты адамның хромосомдық аурулары.
Эволюциялық даму Селекция негіздері. Тірі ағзалардың алуантүрлілігі	
Тұқымқуалайтын өзгергіштік пен эволюция арасындағы өзара байланыс; Эволюцияның дәлелдемелері; Жер бетінде тіршіліктің қалыптасу кезеңдері; Филогенетикалық шежіре	Кладограммалар, Селекция әдістері арқылы ауыл шаруашылық өсімдіктері мен жануарлардың қолтұқымдарын жақсарту тәсілдері, Тұқымқуалайтын өзгергіштік пен эволюция арасындағы өзара байланыс,

ағашы. Кладограммалар; Түр түзілудің тәсілдері; Селекция әдістері, Антропогенез кезеңдері.	Эволюцияның дәлелдемелері, Түр түзілудің механизмі, Антропогенез кезеңдері.
Координация және реттеу	
Жүйке жасушаларының құрылысы; Миелинденген және миелинденбеген нейрондар; Орталық жүйке жүйесінің құрылысы; Холинергиялық синапстың құрылысы мен қызметі. Механорецепторлардың түрлері	Орталық жүйке жүйесінің құрылысы, Холинергиялық синапстың құрылысы мен қызметі, Механорецепторлардың түрлері
Қозғалыс	
Миофибрилла құрылымы; Бұлшықет талшықтарының жиырылу механизмі.	Миофибрилла құрылысы, Бұлшықет талшықтарының жиырылу механизмі.
Биомедицина және биоинформатика	
Биомеханиканы робототехникада қолдану, Инженерлік биомеханика; Жүректің өткізгіш жүйесі, Электрокардиография, оның диагностикалық маңызы.	Биомеханиканы робототехникада қолдану, Инженерлік биомеханика. Жүрек бұлшықеттерінің жиырылғыштығы. Электрокардиография, оның диагностикалық маңызы.
Биотехнология	
Микроағзаларды өндірісте, ауыл шаруашылығында, медицинада, тұрмыста қолданудың артықшылықтары мен кемшіліктері; Полимеразды тізбекті реакцияны қолдану. Медициналық диагностикалауда, әкелікті негіздеуде, тұлғаларды дербестендіру медицинасында, гендерді клондауда, дезоксирибонуклеин қышқылысеквенирлеуде мутагенезде полимеразды тізбекті реакцияның маңызы; Гендік инженерияның маңызы; Гендік модификацияланған ағзаларды қолданудың оң және теріс тұстары.	Микроағзаларды өндірісте, ауыл шаруашылығында, медицинада, тұрмыста қолданудың артықшылықтары мен кемшіліктері; Полимеразды тізбекті реакцияны қолдану. Медициналық диагностикалауда, әкелікті негіздеуде, тұлғаларды дербестендіру медицинасында, гендерді клондауда, дезоксирибонуклеин қышқылысеквенирлеуде мутагенезде полимеразды тізбекті реакцияның маңызы; Гендік инженерияның маңызы; Гендік модификацияланған ағзаларды қолданудың оң және теріс тұстары.

Оқу пәнінің жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 11-сыныптардағы базалық білім мазмұнының салыстырмалы кестесі 2-кестеде ұсынылады.

2-кесте. «Биология» оқу пәнінің жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 11-сыныптардағы базалық білім мазмұны салыстырмалы кестесі

11-сынып ЖМБ	11-сынып ҚҒБ
<i>Молекулалық биология және биохимия</i>	

Антиденелердің құрылысы мен құрылымы, Фермент пен субстраттың өзара әрекет-тесуі, Дәрілік препараттар мен ауыр металдар иондарының ферменттердің белсенділігіне әсері, транскрипция, Генетикалық кодтың қасиеттері.	Антиденелердің құрылысы мен құрылымы, Фермент пен субстраттың өзара әрекет-тесуі, Дәрілік препараттар мен ауыр металдар иондарының ферменттердің белсенділігіне әсері, транскрипция, Генетикалық кодтың қасиеттері.
Қоректену	
Хлоропластың құрылымдық компоненттері және олардың қызметтері; Фотосинтездің жарық кезеңі. Фотофосфорлану; С3 және С4 өсімдіктер жапырақтарының анатомиясы; Фотосинтездің жылдамдығына әсер ететін факторлар, Хемосинтез.	Хлоропластың құрылымдық компоненттері және олардың қызметтері; Фотосинтездің жарық кезеңі. Фотофосфорлану; Хемосинтез.
Заттардың тасымалдануы	
Өсімдіктердегі заттар транслокациясының механизмі, Заттар тасымалдануының симпласттық, апопласттық, вакуолярлық жолдары, Натрий-калий сорғысы белсенді тасымал механизмінің мысалы ретінде, Мембраналық потенциалды сақтау, Су потенциалы.	Натрий-калий сорғысы белсенді тасымал механизмінің мысалы ретінде, Мембраналық потенциалды сақтау, Су потенциалы.
Координация және реттелу	
Биологиядағы басқару жүйесі. «Басқару жүйесі» ұғымы, Заттар тасымалдануының симпласттық, апопласттық, вакуолярлық жолдары және олардың маңызы, Инсулин мен эстроген мысалдарында гормондардың нысана - жасушаларға әсер ету механизмі, Мембраналық рецепторлар арқылы гормондық сигналдардың берілуі, Өсіргіш заттар.	Биологиядағы басқару жүйесі. «Басқару жүйесі» ұғымы, Гормондардың әсер ету механизмі. Инсулин мен эстроген мысалдарында гормондардың нысана - жасушаларға әсер ету механизмі. Өсіргіш заттар.
Көбею	
Гаметогенез. Адам гаметогенезінің сатылары, Сперматогенез бен оогенездің айырмашылықтары.	Гаметогенез. Адам гаметогенезінің сатылары, Сперматогенез бен оогенездің айырмашылықтары.
Өсу және даму	
Бағаналы жасушалар ұғымы және олардың қасиеттері, Бағаналы жасушалардың түрлері: эмбрионалды және соматикалық. Практикада қолданылуы. Этикалық аспектісі.	Бағаналы жасушалар ұғымы және олардың қасиеттері, Бағаналы жасушалардың түрлері: эмбрионалды және соматикалық. Практикада қолданылуы. Этикалық аспектісі.

Тұқым. Қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары	
ДНҚ-ның кездейсоқ мутациясы. Репликацияның, репарацияның, рекомбинацияның генетикалық үдерістердің қателері, «Адам геномы» жобасы.	ДНҚ-ның кездейсоқ мутациясы. Репликацияның, репарацияның, рекомбинацияның генетикалық үдерістердің қателері, «Адам геномы» жобасы.
Жасушалық биология	
Жасушалардың негізгі компоненттерін анықтау, Органелдердің сызықтық ұлғаюын есептеу, Оптикалық және электронды микроскоптардың үлкейту және айқындау мүмкіндіктері арасындағы айырмашылықтар.	Жасушалардың негізгі компоненттерін анықтау, Органелдердің сызықтық ұлғаюын есептеу, Оптикалық және электронды микроскоптардың үлкейту және айқындау мүмкіндіктері арасындағы айырмашылықтар.
Биотехнология	
Микробиологиялық зерттеулердің кезеңдері. Микроағзалармен жұмыс жасағандағы дезинфекциялау және стерильдеу әдістері; Грамм оң және грамм теріс бактериялар; . Рекомбинантты дезоксирибонуклеин қышқылы алу тәсілдері, Ағзаларды клондау тәсілдері, Микрклоналды көбею ұғымы, Ферменттердің медицинада, химияда және өнеркәсіпте қолданылуы.	Грамм оң және грамм теріс бактериялар; . Рекомбинантты дезоксирибонуклеин қышқылы алу тәсілдері, клондау ұғымы, Микрклоналды көбею ұғымы, Ферменттердің медицинада, химияда және өнеркәсіпте қолданылуы.
Биомедицина және биоинформатика	
Биомеханиканы робототехникада қолдану. Инженерлік биомеханика (экзоқаңқа, робототехника). Медициналық биомеханика (протездеу). Эргометриялық биомеханика(оптимизация).Модельдеу «Жердегі тірі ағзалар қозғалысының биомеханикасын зерттеу» Жүректің өткізгіш жүйесі. Жүрек автоматиясының механизмі. Жүректегі қозудың өту жылдамды-ғы. Жүрек бұлшықеттерінің жиырылғыштығы. Электрокардиография,оның диагностикалық маңызы. Модельдеу «Жүректе өтетін электрлік үрдісті зерттеу»	Электромагниттік және дыбыс толқындарының адам ағзасына әсер ету ерекшеліктері; Эпигенетика туралы жалпы түсініктер, «Биоинформатика» ұғымы. Биоинформатиканың құралдарын зерттеулерге қолдану, Экстракорпоральды ұрықтандыру әдісі және оның маңызы. Экстракорпоральды ұрықтандырудың этикалық аспектілері, Моноклоналды антиденелердің маңызы.
Биосфера, экожүйе, популяция	
Экологиялық пирамидалар. Трофикалық деңгейлер, Түрлердің алуантүрлілігі. Харди - Вайнбергтің	Түрлердің биоалуантүрлілігі, Жергілікті экожүйедегі ағзалардың саны мен таралуын анықтауда түрлі

<p>генетикалық тепе-теңдік заңы, сирек кездесетін және жойылып бара жатқан өсімдіктер мен жануарлардың түрлерін қорғау Жергілікті экожүйедегі ағзалардың саны мен таралуын анықтауда түрлі статистикалық әдістерді қолдану. Жергілікті экожүйенің биоалуантүрлілігін анықтауда кездейсоқ іріктеу әдісінің маңызы.</p> <p>Экология және адам іс-әрекетінің қоршаған ортаға әсері</p> <p>Ғаламдық жылыну: себептері, салдарлары және шешу жолдары, Қазақстанның экологиялық проблемалары және оларды шешу жолдары.</p>	<p>статистикалық әдістерді қолдану. Жергілікті экожүйенің биоалуантүрлі-лігін анықтауда кездейсоқ іріктеу әдісінің маңызы.</p> <p>Адам іс-әрекетінің қоршаған ортаға әсері</p> <p>Ғаламдық жылыну: себептері, салдарлары және шешу жолдары, Қазақстанның экологиялық проблемалары және оларды шешу жолдары</p>
---	---

Жалпы 10-11 сыныптарда екі бағытта да бағдарлама мазмұны бірдей. Айырмашылық оқу мақсаттарының санында, мысалы 10-сыныпта жаратылыстану-математикалық бағыттағы бағдарламада 62 оқу мақсаты, ал қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы бағдарламада 47 оқу мақсаты бар. Ал 11-сыныпта жаратылыстану-математикалық бағыттағы бағдарламада 45 оқу мақсаты, ал қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы бағдарламада 38 оқу мақсаты бар.

Тағы бір ерекшелік, тоқсандағы бөлімдер және бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Бағдарламаның ерекшеліктерінің бірі – теориядан гөрі тәжірибеге қарай бағытталуы болып табылады. Білім алушыға биологиялық білім беріп қана қоймай, алған білімдерін болашақта өмірінде қолдана алатындай жағдай жасау. Оны жүзеге асыру үшін жаттанды білім бермей, өз қолдарымен тәжірибе жасауға баулу.

Жаңартылған бағдарлама бойынша 10-сыныпта 8 зертханалық жұмыс, 11-сыныпта 13 зертханалық жұмыс қарастырылған, ЖМБ 10-сыныптағы зертханалық тәжірибелердің тақырыптары 3-кестеде ұсынылады.

3-кесте – ЖМБ 10-сынып бойынша зертханалық жұмыстар

№	Зертханалық жұмыстар	
	10-сынып ЖМБ	10-сынып ҚГБ
	1-тоқсанда:	
1	«Редуцирленетін және редуцирленбейтін канттардың тотықсыздандыру қабілетін зерттеу»	1 «Редуцирленетін және редуцирленбейтін канттардың тотықсыздандыру қабілетін зерттеу»
2	«Нәруыздар-дың құрылымына әр түрлі жағдайлардың әсері (температура, рН)»	2 «Нәруыздардың құрылымына әртүрлі жағдайлардың әсері (температура, рН)».

3	«Биологиялық нысандарда нәруыздың болуын анықтау»	3	«Биологиялық нысандарда нәруыздың болуын анықтау».
4	«Жасуша мембранасына әртүрлі жағдайлардың әсері»	4	«Жасуша мембранасына әртүрлі жағдайлардың әсері».
5	«Ферменттер белсенділігіне әртүрлі жағдайлардың әсері»		
2-тоқсанда:			
6	«Жасушаның беттік аудан мөлшерінің көлемге қатынасын анықтау»	5	«Жасушаның беттік аудан мөлшерінің көлемге қатынасын анықтау».
3-тоқсанда:			
7	«Пияз тамыры ұшындағы жасушалардан митоздың белсенділік деңгейін анықтау»	6	«Вариациялық қатар мен қисыққа құрылған модификациялық өзгергіштікті зерттеу».
8	«Вариациялық қатар мен қисыққа құрылған модификациялық өзгергіштікті зерттеу»		

ЖМБ 11-сыныптағы зертханалық тәжірибелердің тақырыптары 4-кестеде ұсынылады.

4-кесте – ЖМБ 11-сынып бойынша зертханалық жұмыстар

№	Зертханалық жұмыстар	
	11-сыныпта ЖМБ	11-сыныпта ҚГБ
1-тоқсанда:		
1	«Иммобилизациялаудың ферменттердің белсенділігіне әсерін зерттеу»	1 «Иммобилизациялаудың ферменттердің белсенділігіне әсерін зерттеу»
2	«Активаторлар мен ингибиторлардың ферменттік реакцияның жылдамдығына әсерін зерттеу»	2 «Әртүрлі өсімдік жасушаларында фотосинтездеуші пигменттердің болуын зерттеу».
3	«Әртүрлі өсімдік жасушаларында фотосинтездеуші пигменттердің болуын зерттеу»	3 «Шектеуші факторлардың фотосинтездің интенсивтілігіне әсерін зерттеу».
4	«С3 және С4 өсімдіктер жапырақтарының мезофилін микропрепараттар арқылы зерттеу»	
5	«Шектеуші факторлардың фотосинтездің интенсивтілігіне әсерін зерттеу»	
6	«Түрлі концентрациялы тұз ерітінділеріндегі жасушалардың су потенциалын анықтау»	
2-тоқсанда:		
7	«Ауксиннің тамырдың өсуіне ықпал етуі»	4 «Түрлі концентрациялы тұз ерітінділеріндегі жасушалардың

			су потенциалын анықтау»
8	«Белгілердің тұқым қуалауының нақтылығын талдау»	5	«Ауксиннің тамырдың өсуіне ықпал етуі».
3-тоқсанда:			
9	«Жасушалардың негізгі компоненттерін микрофотографиялар қолданып сипаттау»	6	«Жасушалардың негізгі компоненттерін микрофотографиялар қолданып сипаттау».
10	«Микрометр мен объективмикрометрді жасушалардың нақты мөлшерін анықтауға қолдану»		
11	«Сүтқышқылды өнімдердің түрлі қоректік ортадағы микрофлорасын зерттеу»		
12	«Бактерияларды Грамм әдісі бойынша бояу»		
4-тоқсанда:			
13	«Талдаудың статистикалық әдістерін қолдану арқылы өз регионы экожүйесінің жағдайын анықтау»	7	«Талдаудың статистикалық әдістерін қолдану арқылы өз аймағының экожүйесінің жағдайын анықтау».

Сонымен қатар, жаңа бағдарламада модельдеу әдістері қарастырылған. Оқу пәнінің жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-сыныптардағы модельдеу жұмыстарының салыстырмалы кестесі 5-кестеде ұсынылады.

5-кесте. Жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-сыныптардағы модельдеу жұмыстарының салыстырмалы кестесі

№	10-сынып ЖМБ	№	10-сынып ҚГБ
1	«Адам хромосомасы жиынтығынан кариограмм құру. Геномдық мутацияны оқып білу»	1	«Адам кариограммасын құру. Геномдық мутацияны оқып білу».
2	«Кладограмма құру».		
3	«Жердегі тірі ағзалар қозғалысының биомеханикасын зерттеу»		
4	« Жүректе өтетін электрлік үрдісті зерттеу»		

Жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 11-сыныптардағы модельдеу жұмыстарының салыстырмалы кестесі 6-кестеде ұсынылады.

6-кесте. Жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 11-сыныптардағы модельдеу жұмыстарының салыстырмалы кестесі

№	11-сынып ЖМБ	№	11-сынып ҚГБ
1	«Қоректік тізбектерде	1	«Климаттың ғаламдық жылынуының

	энергияның тасымалдануының сызбасын құрастыру».		компьютерлік моделі»
2	«Климаттың жылынуын модельдеу»	ғаламдық компьютерлік	

Қолданыстағы оқу бағдарламасы бойынша тәжірибелік және зертханалық жұмыстарды жүргізуде білім алушылар бақылау жүргізіп, табиғаттағы заңдар мен заңдылықтар дәлелдерін келтіреді, соның нәтижесінде теориялық мазмұн мен бақылау және сипаттау дағдыларының басымдығы белең алып, тәжірибелік дағдылар бағаланбайды.

Нәтижесінде:

- ✓ Эксперименталды және тәжірибелік дағдылардың дамытады;
- ✓ Шынайы өмірмен ашық көрінетін байланыс орнайды;
- ✓ Қоршаған әлемді өз бетімен зерттеуге бағыттанушылық, биология сабағында тәжірибелік тапсырмаларды шешу үшін бар білімді қолдану дағдылары мен білімді қалыптастыруға бағыттанушылық пайда болады.

Қорыта айтқанда, аталмыш бағдарламаның мәні, баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру.

Сабақты жоспарлау кезінде мұғалімдер бекіту және қайталау сабақтарын ескерулері тиіс. Ең бастысы бір тоқсанда көрсетілген материал сол тоқсанда игерілуі керек.

2 «Биология» оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістері

Қазіргі кезде жас ұрпаққа сапалы білім беру үшін әлемдік деңгейде дамып жатқан әр түрлі технологияларды пайдалану заман талабы болып отыр.

Биология – табиғатты зерттейтін ғылым болғандықтан, бұл пәнді оқытудың өте қызықты әдістері жетерлік.

Қазіргі заманғы білімнің тәжірибелік бағдарлануына байланысты қызметтің негізгі нәтижесі білім, ептілік және дағдылық жүйеден бұрын, негізгі құзыреттіліктердің жиынтығы болуы тиіс:

– оқу-танымдық құзыреттілік – бұл білім алушының өз бетінше танымдық қызметке дайын болуы: оқу-танымдық қызметтің мақсаттылығын айқындауы, жоспарлауы, талдауы, рефлексия және өзін-өзі бағалауы, дәйектерді пайымдаулардан ажырата білуі, өлшеу дағдыларын меңгеруі, танымның ықтималдылығын, санақтық және басқа да әдістерді пайдалануы;

– пәндік құзыреттілік – білім алушылардың пән бойынша түрлі білімдерін, біліктері мен дағдыларын іске асыру қабілеттілігі және осы білген-тоқығандарын тәжірибеде де, кейінгі білім алу барысында да қолдануы;

– құндылыққа бағытталған құзыреттілік – қоршаған ортаны көруге және түсінуге дайын болуы, бағыт-бағдар ұстануы, өзінің рөлін және міндетін сезінуі, өзінің әрекеттері мен қылықтарына мақсатты және мағыналы белгілеулерді таңдай білуі, шешім қабылдай білуі;

– жалпымәдениеттік құзыреттілік – білім алушының ұлттық және жалпыадамзаттық мәдениеттерден, адам өмірінің және адамзаттың рухани-адамгершілік негіздерінен, жекелеген халықтардан, отбасылық, әлеуметтік, қоғамдық құбылыстар мен дәстүрлердің мәдени негіздерінен, адам өміріндегі ғылым мен діннің рөлінен, олардың әлемге ықпал етуінен, бос уақытты тиімді өткізудің жолдарынан хабардар болуы;

– ақпараттық құзыреттілік – білім алушының түрлі дереккөздерден алған ақпараттармен өз бетінше жұмыс істеуге, қажетті мәліметтерді іздеуге, талдауға және іріктеуге, оны ұйымдастыруға, түрлендіруге, сақтауға және табыстауға дайын болуы;

– коммуникативтік құзыреттілік – айналадағы және алыстағы адамдармен өзара әрекеттесу және оқиғаларды бөлісуге қажетті тілдерді білуі тиіс, топта және ұжымда жұмыс істеу білу дағдысын қарастырады. Білім алушылар өздерін таныстыруды, хат, сауалнама, өтініш жазуды, сұрақ қоюды, пікірсайысты жүргізуді және т.б. білуі тиіс;

– әлеуметтік-еңбек құзыреттілігі – азаматтық-қоғамдық қызметті (азаматтық, қадағалаушы, сайлаушы, өкіл рөлдерін орындау), әлеуметтік-еңбек саласында (тұтынушының, сатып алушының, клиенттің, өндірушінің құқықтарын), отбасылық саладағы қатынастар мен міндеттерді, экономика және құқық мәселелерін, өзін-өзі кәсіби тұрғыда білуі және тәжірибесі болуы тиіс;

– жеке тұлғалық (өзін-өзі жетілдіру) құзыреттілік – тәндік, рухани және зияткерлік тұрғыда өзін-өзі дамытуды жүзеге асыруға, эмоциялық тұрғыда өзін-өзі басқаруға және өзіне қолдау көрсетуге дайын болуы [3].

Сабақ түсіндіру процесінде белгілі бір технологияны қолдану арқылы мұғалім жоғары нәтижеге жетуді көздейді. Жаңа технологияның басты қағидаларының бірі дидактикалық ұстаным ретінде қарастырылатын жүйелілік болып саналады. Кез-келген ғылымның өзі, ең алдымен білімдер жүйесін құрайтындықтан, ғылымды тек жүйелі оқу нәтижесінде ғана меңгеруге болады.

Соның ішінде биологияға деген қызығушылық пен тіршілік туралы ғылымды үйретуге айтарлықтай үлес қоса алатын заманауи әдістердің мына түрлерін қолдануға болады:

Интербелсенді оқыту әдістері

Саралап оқыту

Кейс-технологиясы

STEM-білім беру

Lesson study

CLIL технологиясы

Жобалау әдісі

Зерттеу әдісі

АКТ-ны қолдану

Модельдеу

Пәнаралық байланыс

Сын тұрғысынан ойлау

Интербелсенді әдістер

Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасын жүзеге асыруда интербелсенді оқыту әдістерін қолдану нәтижеге жетуге зор ықпал етеді.

Интербелсенді оқыту әдістері арқылы білім алушылар:

– коммуникативті дағдылар мен біліктерді дамытуға;

– сыныпта жақсы эмоционалдық байланыс орнатуға;

– жаңа ақпараттар алуға;

– проблемаларды шешудің оңтайлы жолдарын табуға;

– өзін қызықтырған сұрақтарға жауап алуға;

-мұғалімі мен сыныптастарының арасында жақын қарым-қатынас орнату арқылы өзін еркін сезінуге;

-дәйекті дәлелдер мен ұсыныстар беруге мүмкіндік алады.

Білім алушылардың курсты зерделеу барысындағы қызмет түрлері әртүрлі. Оқушылардың белсенді қызметінің ұсынылатын түрлері:

Жеке: Оқулық, Дәптер, Оқу құралдары, Компьютер;

Топтық: Топта жұмыс істеу, Бірігіп оқу, Жоба, Талдау, ҚМЖ Талдау, Ақылға шабуыл;

Аудиовизуалдық құрал: Тірек сигналдары, Музыка, ТВ, Бейнетүсірілімдер;

Іскерлік ойындар/Тренинг: Рөлдік, Ым-ишаралық, Оқу, Жағдаяттық, Ұйымдастырушылық-қызметтік.

Интерактивті әдістерде оқушылар мұғаліммен ғана емес, бір-бірімен де өзара кең ауқымда әрекеттесуіне және оқыту процесінде білім алушылардың белсенділігінің басым болуына бағдарланған. Интерактивті сабақтарда мұғалім сабақтың мақсатына қол жеткізу үшін білім алушылардың әрекетін бағыттайды.

Күнделікті сабақта қолданатын интерактивті әдістердің мынадай түрлері ұсынылады:


- Конференция-сабақ;
- Сайыс-сабақ;
- Викториналық сабақ;
- Диспут-сабақ;
- Білім аукционы сабағы;
- Шығармашылық сабақ;
- Саяхат-сабақ;
- Фантазиялар сабағы;
- Шебер-сынып сабағы т.б.

Оқушылардың биологияға деген қызығушылығымен қатар, есте сақтау қабілеттерін дамытуға арналған интерактивті әдістердің бір түрі – ол **кластер**. Бұл әдіс анықтамаларды, терминдерді, биологиялық процестерді түсінуге және есте сақтауға жақсы мүмкіндік береді.

Ағылшын тілінен аударғанда «кластер» – ұяшық, латын тілінен – бір шоқ, түйін, жұлдыздар тобы деген мағынаны білдіреді. Білім беру саласындағы кластер – бұл кез келген ұғымның мағыналық өрісін көрсетуге арналған материалды графикалық ұйымдастыру болып саналады.

Биология сабақтарында кластер құру білім алушыларға қандай да бір тақырып бойынша еркін және ашық ойлауға мүмкіндік береді. Оқушы парақтың ортасында немесе тақтаға негізгі ұғымды жазады, ал одан бұл сөзді басқа ұғымдармен қосатын бағыт-сәулелердің әр жағына сурет салады.

Кластерді сабақтың әр түрлі кезеңдерінде, әр түрлі тақырыптарды зерттеуде қолдануға болады. Мысалы 10-сыныпта «Майлардың қызметі» деген кластерді құруға болады.



9-сурет. Майлардың қызметі мысалында кластер үлгісі

Интербелсенді әдістердің бірі – Жигсо әдісі қазіргі кезде білімді бүкіл сыныптың меңгерту үшін қолданылатын әдістерге жатады.

Жигсо әдісі топтық жұмысқа жатады. Сыныпты стикерлер арқылы топқа бөліп алып, тақырыпқа қатысты ақпарат беріледі. Әр топқа топ басшысын сайлап алады. Оқып, танысуға аз ғана уақыт беріп, сағат тілі бойынша орындарын ауыстыруды сұрайды. Орын ауыстырғанда топ басшысы сол орында қалады да, қалғандары келесі үстелге барады. Ондағы топ басшысы тобының жазған талдаулары мен ақпараттарын таныстырады. Жаңадан келген топ мүшелері оны жазып алып, өз ойларын айтады. Содан соң әрі қарай көшеді, осылайша барлық топтағы материалдармен танысып шығады да, орындарына қайтып келеді. Мұнда оқушылар аз уақытта көп білуге мүмкіндік алады.

Интербелсенді оқыту барысында оқушылар өзіндік пікір қалыптастырып, өз ойларын дұрыс жеткізе білуге, өз көзқарасын дәлелдеуге, пікірталас жүргізуге, басқаларды тыңдауға, өзге пікірді сыйлауға және онымен санасуға үйренеді.

Биология сабақтарында қарапайым флипчартта да көптеген жұмыстар жасауға болады. Мысалы мұғалім алдын ала кестелер, сызбалар, бағдарша қоятындай бағытпен циклдарды сызып дайындап қойса, түрлі тапсырмаларды флипчартта орындауға болады.

Мысалы, 10-сыныпта «Жасуша органоидтерінің құрылысы мен қызметтерінің ерекшеліктері» тақырыбында флипчартта мына кестені беруге болады:

7-кесте. Флипчартта органоидтер мен олардың қызметтері мен сипаттамасын сәйкестендіру

Органоидтар	Сипаттамасы
цитоплазма	
ядро	
мембрана	
рибосома	
лизосома	
митохондрия	

А – транспорттық қызмет атқарады, нәруыз синтезделеді

Б – сыртынан жасуша қабықшасымен, ішінен ядромен қоршалған, қоймалжың сұйықтық

В – АТФ-ты түзеді, жасушаны энергиямен қамтамасыз етеді

С-тосқауылдық, қорғаныштық қызмет атқарады, жасушаға қоректік заттардың жеткізілуін және зат алмасудың соңғы өнімдерінің шығарылуын қамтамасыз етеді

Д – клеткадағы заттардың ферменттермен ыдырауын жүзеге асырады

Е- тұқым қуалау ақапартын сақтайды және оларды бөліну процесінде жас жасушаларға таратады

Интербелсенді әдістердің тағы бірнеше түріне тоқтала кетсек:

Идеялар каруселі

Идеялар каруселі қабылдауды жүзеге асыру келесі келесі кезендерден тұрады:

1. Шағын топтың әрбір мүшесіне (4-5 адамнан) таза ақ парақ таратылады және барлығына бірдей сұрақ қойылады. Ауызша пікір алмаспай тұрып, барлық қатысушылар өз қағазының парақтарына оған берілген жауаптардың дұрыс тұжырымдарын жазады.

2. Жазбалары бар парақтар шағын топ бойынша көршілерге сағат тілі бойынша шеңбер бойынша беріледі. Жазбалары бар парақты алған кезде әрбір қатысушы жазбадағы жауапты қайталамай, өз ойларын жазуы тиіс. Жұмыс әр оқушыға оның өз парағы қайтып келгенде аяқталады. Бұл кезеңде жазбалар талданбайды және бағаланбайды.

3. Шағын топтарда қатысушылар жазған жауаптарды, ұсыныстарды талқылап, қорытынды тізімге ең маңызды, олардың ішіндегі өзекті мәселелерді бөліп алу керек.

4. Шағын топтар жұмыс нәтижелерімен алмасады. Барлық шағын топтар қорытынды тізімдегі өз тұжырымдарын кезекпен ұсынады. Егер тұжырым басқа топтардың қарсылығын қабылдасамаса, ол соңғы жалпы тізімге енгізіледі.

Саралап оқыту әдісі

Биология пәнін оқытуда білім алушылардың деңгейлерін анықтау және оқу сапасын жоғары деңгейге көтеру мақсатында деңгейлеп саралап оқыту тиімді әдістердің бірі болып табылады.

Саралап оқыту әдісі мынадай факторларға байланысты туындайды. Балалар әр түрлі мүмкіндіктермен туылады. Әр балада өзіндік қабілеті, темпераменті, мінез-құлқы, ерік-жігері бар. Бұл ерекшеліктер дамиды, өзгереді, түзетуге келеді. Саралау әдісінде оқушылардың жеке айырмашылықтары есепке алынуы тиіс.

Саралаудың мынадай түрлері бар:

Мазмұны бойынша саралау-ақпарат алу.

Оқу стилі бойынша саралау - мазмұнды қабылдау, зерттеу, ұғынуын көрсетудегі өздері ұнатқан артықшылықтарға негізделеді.

Қызығушылық бойынша саралау – оқушының назарын аударып, әуестігі мен еліктеушілігін оятады.

Білім алу деңгейі бойынша саралау – оқушылардың ағымдағы нақты білім, түсініктер мен дағдыларды меңгеру деңгейі.

Өнім бойынша саралау – өнім арқылы мазмұнды түсінуді көрсету.

Үдерісті саралау - алынған ақпаратты түсіндіру[4].

Саралап оқыту әдісі оқушының табысқа жетуінде, пәнге деген қызығушылығын арттыруда, жаңа білім алуға құлшыныс тудыруда айтарлықтай нәтиже береді. Саралап оқытудың негізгі құрылымы 10-суретте көрсетілген.



10-сурет. Саралау әдістері

Саралау әдісін төмендегідей жұмыс өнімдерінің көмегімен жүзеге асыруға болады:

Видео

Эссе

Плакат

Веб-парақша

Көрме

Репортаж

Жазбаша есеп

Карта

Көрсетілім

Фоторепортаж

PowerPoint презентациясы

Сызба

Деңгейлеп саралап оқыту технологиясының ұтымдылығы бұл технология оқушының да, мұғалімнің де белсенді шығармашылық қызметін дамытуға арналған. Бірінші деңгейдегі тапсырма мемлекеттік стандарттық деңгей болғандықтан мұны оқшылардың барлығы орындауға міндетті. Екінші-үшінші деңгей бірте-бірте күрделене түсетіндіктен оқушылар бұл тапсырмаларды орындауға құқылы, ал төртінші деңгей тапсырмаларын шығармашылықпен жұмыс істей алатын оқушылар ғана орындайды. Әрине, барлық оқушы 4-деңгейді түгел орындап шыға алмауы мүмкін.

Бірақ 1-2 деңгейді оқушылардың барлығы дерлік орындай алады, ал білімді, алғыр оқушылар 3-4-деңгей тапсырмаларын орындап алға озып кетуі ықтимал. Олай болса, деңгейлеп оқыту білім алушылардың мүмкіндік және міндетті деңгейін анықтай отырып, оқу жетістіктерін, нәтижесін тексеруде ұтымды деп танылған педагогикалық әдістердің бірі ретінде қолданылады.

Білімді бақылау кезінде саралау білімді тереңдете түседі және ішкі сенімді арттырады. Әр түрлі тексеру түрлерін қолдану: өзін-өзі тексеру, өзара тексеру, тест тапсырмаларын көрсету білім деңгейіне байланысты жүргізіледі.

Сонымен, саралап оқыту-бұл мұғалімнің оқушыларға олардың типтік ерекшеліктерін ескере отырып, сабақтың әр түрлі кезеңдерінде тапсырмаларды саралау арқылы жүретін мақсатты қарым-қатынасы болып табылады.

Кейс-технология

Биология сабақтарын қызықты етіп өткізуге көмектесетін технологиялардың бірі - кейс-технология болып табылады.

Кейс белгілі бір формат бойынша дайындалған және оқушыларды әртүрлі ақпарат түрлерін талдауға, оны жинақтауға, проблеманы тұжырымдау дағдыларына және белгіленген өлшемдерге сәйкес оны шешудің мүмкін нұсқаларын әзірлеуге үйретуге арналған нақты жағдайдың сипаттамасы болып табылады.

Кейс-технология:

- нақты практикалық жағдайды сипаттау, білім алушылардың болашақ іс-әрекетінен нақты жағдайларды қарастыруға негізделген оқытудың белсенді әдісін көздейді,

- өз бетінше жұмыс істеу үшін оқушыларға берілетін әртүрлі тасымалдағыштарда (баспа, аудио-, бейне - және электронды материалдар) арнайы әзірленген оқу-әдістемелік материалдар жиынтығы.

Кейс құрылымына қарай былай жіктеледі:

- Құрылымдалған кейстер - нақты сандар мен деректер бар жағдайды қысқа және нақты баяндау;

- Құрылымсыз кейстер-көп мәліметтер бар материал болып табылады және ойлау стилі мен жылдамдығын бағалауға, ойлау жылдамдығын дамытуға бағытталған.

Көлемі бойынша:

Толық кейстер (20-25бет) – бірнеше күнге созылатын ұжымдық жұмыс;

Қысқа кейстер (3-5 бет) – сабақ үстінде жасалады және жалпы тақыланады;

Мини-кейстер (1-2 бет) – қысқа кейстер сияқты сабақ үстінде жасалады және теорияны иллюстрациялау түрінде жүреді.

Мұғалімнің басты міндеті - кейсті әзірлеу барысында проблемалық жағдай модельделетін және білім алушылардың меңгеруі қажет білім, білік және дағды кешені көрініс беретін тиісті материалды таңдау.

Кейс технологияның проблемалық оқытудан айырмашылығы неде? Кейс-әдістің ерекшелігі - нақты өмірде болатын фактілер негізінде проблемалық жағдайды жасау. Кейс білім алушыларға ашық түрде проблеманы ұсынбайды,

ал білім беру процесіне қатысушылар оны кейс сипаттамасындағы ақпараттан табулары тиіс.

Кейстегі мәселе бір мағынада шешілмейді; әдістің мәні бұрын жасалған өлшемдерге сәйкес неғұрлым орынды шешімді таңдау және оны іске асырудың практикалық моделін әзірлеу үшін көптеген балама нұсқалардан тұрады [5].

8-кесте. Мұғалім мен оқушы арасындағы қызметтері

Жұмыс барысы	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті
Сабаққа дейін	1. Кейсті таңдайды 2. Оқушының дайындығы үшін негізгі және көмекші құралдарды дайындайды 3. Сабақтың сценарийін жасайды	1. Кейсті және тізімді алады 2. Сабаққа жеке өз бетінше дайындалады
Сабақ кезінде	1. Кейстің алдын-ала талдауын жасайды. 2. Топты топшаларға бөледі. 3. Топшалардағы талқылауға басшылық жасап, қажетті мәліметтерді береді.	1. Кейсті түсіну үшін сұрақтар қояды. 2. Өзгелердің пікірін тыңдай отырып, проблеманы шешу мәселесін қарастырады.
Сабақтан соң	1. Оқушылардың жұмысын бағалайды 2. Қабылдаған шешімдер мен қойылған сұрақтарды бағалайды.	Берілген форма бойынша жазбаша есеп дайындайды.

Кейс-технологияны жаңа тақырыптар өткенде де, қайталау кезінде қолдануға болады.

Кейстің мазмұнына қойылатын талаптар:

1. Нақты өмірде орын алатын нақты жағдай қарастырылады (негізгі жағдайлар, фактілер).

2. Ақпарат толық емес, яғни бағдарлы сипатта да берілуі мүмкін.

3. Кейсті шын мәнінде орын алуы мүмкін деректермен толықтыру мүмкін.

Кейс-әдістен кейінгі күтілетін нәтижелер:

Оқуда:

1. Жаңа ақпаратты меңгеру

2. Деректерді жинау әдісін игеру

3. Талдау әдісін меңгеру

4. Мәтінмен жұмыс істей білу шеберлігі

5. Теориялық және практикалық білімнің арақатынасы

Мұғалімнің кейс-технологиядағы іс-әрекеті:

1) кейс жасау;

2) оқушыларды шағын топтарға бөлу (4-6 адам);

3) оқушыларды мәселені шешу жағдайларымен, жүйесімен, тапсырмаларды орындау мерзімдерімен таныстыру;

4) шағын топтарда шешімдер қабылдауды ұйымдастыру;

- 5) жалпы пікірталасты ұйымдастыру;
- 6) мұғалімнің кіріспе сөз сөйлеуі, ситуациялық жағдайды талдау;
- 7) оқушыларды бағалау.

Оқушының кейспен жұмысы

1-кезең — жағдайлармен, оның ерекшеліктерімен танысу;

2-кезең — негізгі проблеманы (проблемаларды) бөлу),

3-кезең — «ми шабуылына арналған тұжырымдамаларды немесе тақырыптарды ұсыну»;

4-кезең - қандай да бір шешімді қабылдау салдарын талдау;

5-кезең — кейс шешімі-әрекеттер тізбегінің бір немесе бірнеше нұсқаларын ұсыну.

Кейстердің артықшылығы теория мен тәжірибені оңтайлы үйлестіру мүмкіндігі болып табылады, бұл мамандық таңдауда да өте маңызды болып табылады.

Кейстер әдісі жағдайды талдау, баламаларды бағалау, оңтайлы нұсқаны таңдау және оны жүзеге асыруды жоспарлау біліктілігінің дамуына ықпал етеді. Егер оқу барысында мұндай тәсіл тұрақты қолданылса, онда білім алушыда практикалық міндеттерді шешудің тұрақты дағдысы қалыптасады.

Үлгі ретінде кейс жобалары ұсынылады.

Пән: Биология

Сынып: 11

Бөлім: Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары

Тақырып: Хромосомалар санының ауытқуымен байланысты адамның хромосомдық аурулары

Оқу мақсаты: хромосомалар санының ауытқуымен байланысты адамның хромосомдық ауруларын (ауто-сомдық және жыныстық) сипаттау

Кейс сұрақтары:

1. Хромосомалық ауытқулардың қандай себептері бар?

2. Даун синдромының сипаты қандай?

3. Балалардың Даун синдромымен туылу мүмкіндіктерінің факторлары.

4. Хромосомалық аурулардың алдын алу үшін не істеу керек?

Алдын ала жауаптар:

1. Хромосомалық аурулар - хромосомалар санының немесе құрылымының өзгеруіне байланысты тұқым қуалайтын аурулар. Хромосомаларға геномдық мутациялармен немесе жекелеген хромосомалардың құрылымдық өзгерістерімен байланысты аурулар жатады. Хромосомалық аурулар ата-анасының бірінің жыныстық жасушаларында мутация нәтижесінде пайда болады. Ұрпақтан-ұрпаққа олардың 3-5 % - дан астамы беріледі. Хромосомалық бұзылулар шамамен 50% - ы өздігінен түсік тастаумен және барлық өлі туудың 7%-ына байланысты болады.

Барлық хромосомалық аурулар екі топқа бөлінеді:

Хромосома санының аномалиясы және хромосома құрылымының өзгеруі.

2. Даун синдромы (21 хромосоманың трисомиясы) – 21-жұп хромосомалардың қалыпты екі көшірменің орнына 3 көшірмесімен (трисомия) көрінетін геномдық патологиялардың бір түрі, сондықтан адам кариотипі қалыпты 46 хромосома орнына 47 хромосомадан тұрады. Берілген синдромның басқа 2 формасы белгілі: 21 хромосоманың басқа хромосомаларға транслокациясы (жиі 15, сирек 14, өте сирек 22, У хромосомаға) - 4% жағдайда, синдромның мозаикалық нұсқасы – 5 % жағдайда кездеседі. Синдром ауруды 1866 жылы алғашқы рет сипаттаған ағылшын дәрігері Джон Даунның есімімен аталған.

3. Даун синдромының пайда болуына қоршаған орта, экологиялық, климаттық жағдай, мемлекеттердің хал-ахуалы, ата-анасының әрекеттері еш әсер етпейді. Мәселен даун синдромымен балалар дамыған және кедей мемлекетте де, бай немесе тұрмысы төмен, академиктердің немесе құрылысшылардың да, президенттердің немесе жұмыссыздардың да отбасында дүниеге келе береді. Бірақ ата-анасының жасы ықпал етуі мүмкін. Мамандардың айтуынша, даун синдромы жасы ұлғайған аналардан көбірек туылады. Мәселен, егер 20-24 жас аралығындағы әйелдер арасында 1562-ге бір сәбиден болса, жасы 35-39 аралығындағы әйелдерде 214-ке бір сәбиден, ал жасы 45 жастан асқандар арасында ықтималдылық 19-ға бір сәбиден келеді. Соңғы деректер ер адамның жасы да Даун синдромының пайда болуына ықпал ететіндігін көрсетеді. Мысалы, жасы 42 жастан асқан ер адамның балаларында Даун синдромының пайда болуы ықтималдылығы артады.

Мұндай аурумен туылған балалардың көбіне басы сүйір, жаңа туған нәрестенің мойны қатпар, маңдайы тар, беттері жалпақ, ерні жуан, тілі жалпақ әрі жуан, көздің қасаң қабығында дақтар (Брушфельд дақтары) байқалады, көздерінің көлемі кішкентай, шынашақтары қысқа әрі қисық, тек екі бұғу сызығы болады. Саусақтары және алақан сызықтары өзгеше келеді. Тістері дұрыс өспейді, таңдайы биік болады. Шашы сирек, нәзік, түзу болады. Бұл белгілерді нәресте туылған сәттен-ақ байқауға болады немесе сәби өсе келе анық біліне бастайды. Даун синдромымен туылған балалардың иммунитеті әлсіз болады, сондықтан олар ауырғыш келеді. Мәселен, пневмониямен жиі ауырады әрі түрлі инфекцияларды жұқтыруға ағзасы бейім болады.

3. Даун синдромы бар баланың тууы ата-анасының өмір салтына, этникалық тиістілігіне және тұрғылықты жеріне байланысты емес. Даун синдромы бар баланың пайда болу қаупін арттыратын жалғыз сенімді фактор ананың жасы болып табылады. Мысалы, егер 25 жасқа дейінгі әйелдерде ауру баланың туылу ықтималдығы 1:1400, 35 жасқа қарай 1:400, 40 жасқа қарай 1:100, ал 45 - 1:35. Ең алдымен, бұл жасушалардың бөліну процесін бақылаудың төмендеуімен және хромосомалардың түспеу қаупінің ұлғаюымен байланысты. Алайда, жас әйелдердің босану жиілігі жалпы жоғары болғандықтан, статистика бойынша, Даун синдромы бар балалардың 80% 35 жасқа дейінгі аналардан туады. Кейбір деректер бойынша, әкесінің жасы 42-45 жастан асқан, сондай-ақ балада Даун синдромының даму қаупін арттырады [6].

Бір егіздердің бірінде Даун синдромы бар болса, бұл патология 100% жағдайда екіншісінде болады. Сонымен қатар, әртүрлі егіздердің, сондай-ақ

аға-інілер мен апа-қарындастардың осындай сәйкестіктің ықтималдығы аз емес. Тәуекелдің басқа да факторларының арасында-Даун синдромы бар, анасының жасы 18-ден төмен, ерлі-зайыптылардың біреуінің транлокация тасымалдауы, жақын туыстық некелер, жыныстық жасушалардың қалыпты дамуын немесе ұрықты бұзатын кездейсоқ оқиғалар бар.

4. Жүкті әйел нәрестедегі бұзылыстарды анықтауға зерттеуден өтуіне болады. Босануға дейінгі стандартты зерттеулердің көбісі нәрестедегі Даун синдромын анықтай алады. Мысалы, УДЗ-де синдромның спецификалық белгілері көрінеді. Даун синдромымен бала туылу қаупі жоғары отбасыларға генетикалық тестілермен (амниоцентез, хорион биопсиясы, кордоцентез) генетикалық кеңес жүргізіледі.

Тұқым қуалаушылықтың заңдылықтары тұрғысынан алғанда, туыс адамдардың (немере, шөбере және т.б.) некелесуі дұрыс емес. Себебі ондай адамдардың генотиптерінде ұқсастық болады. Ал тұқым қуалайтын аурулар мен кемістіктерді көбінесе рецессивті гендер анықтайтындығы белгілі. Олар тек рецессивті гомозигота жағдайында ғана білінеді. Туыстық некеде ондай мүмкіншілік мол болады. Сондықтан олардан туатын ұрпақта кемістік көп кездеседі. Керісінше, туыс емес ерлі – зайыптыларда ондай жағдай өте сирек кездеседі және ұрпақтың тіршілік қабілеті жоғары болады. Себебі олар көбінесе гетерозиготалы жағдайда болатындықтан, Мендель заңына сәйкес аурумен кемістікті анықтайтын рецессивті генді доминантты ген жеңіп кетеді.

Кейс талдау барысында оқушылар туыстық неке туралы, балалы болу жасы жайлы өз ойларын ашық айтады.

STEM-білім беру

Бүгінгі таңда оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының бір түрі-STEM-білім беру болып табылады. Цифрлық технология мен цифрландырудың қарқынды дамуына байланысты STEM-білім беру үлкен маңыздылық пен өзектілікке ие болып отыр.

STEM-нің мағынасы:

Science (жаратылыстану ғылымдары)

Technology (технология)

Engineering (инжиниринг)

Mathematics (математика).

Қазіргі таңда өндіріс пен адамдардың өмірі үшін әлемдік экологиялық немесе техногендік апаттың ықтималдығының жоғарылауы технология мен инженерияның дамуын талап етеді. Адамзат әртүрлі креативті тәсілдер мен күшті ғылыми-техникалық база арқылы жаһандық мәселелерді шешуге атсалысуда. Осындай мамандардың аралас салаларындағы білімі әлемге осындай технологиялық проблемалармен күрес жүргізуге көмектеседі. Сондықтан да мектепте STEM-білім беру әдісін енгізу осындай қажеттіліктен туып отыр.

STEM-білімнің артықшылықтары:

- техникалық сипаттағы пәндерге қызығушылық;
- тәжірибе мен эксперименттерді пайдалана отырып стандартты емес міндеттерді шеше білу;

- қарым-қатынас дағдыларын дамыту [7].

Мұндай тәсіл білім беру процесін болашақта өзін-өзі анықтаумен және мамандық таңдай білуге мүмкіндік береді.

STEM - білім беру әдісін 10-сыныптағы «Адам денесіндегі қан мен басқа сұйықтықтарды жасанды тазарту. Диализ әсерінің себептері. Диализ әдістері: перитонеальды, гемодиализ» тақырыбы мысалында қарастыруға болады.

Оқу мақсаты: 10.1.5.3 - диализ механизмін түсіндіру.

Оқушыларға диализ түсінігі бойынша жоба жасатуға болады, онда диализ әдісі туралы мәліметтер болуы тиіс.

Диализ – бұл бүйректің ең маңызды екі функциясын ауыстыра алатын процедура: ағзаны артық судан және қандағы жинақталған артық заттардан тазарту.

Бұл әдіс келесі патологиялық жағдайларда зиянды заттардан қанды тазарту қажет болған жағдайда қолданылады:

Жедел бүйрек жеткіліксіздігі;

Созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі;

Улармен және дәрілермен улану (гемодиализ мембранасы арқылы өтуге қабілетті);

Қанның электролиттік құрамының ауыр бұзылуы.

Қазіргі кезде гемодиализді жоғары технологиялар мен инженерлік жетістіктердің нәтижесінде шығарылған арнайы аппараттың көмегімен жасайды. Гемодиализ кезінде қандағы заттарды диффузия және конвекция арқылы гемодиализ мембранасының көмегімен алып тастау, сондай-ақ ағзадан артық суды алып тастау (ультрафильтрация) жүреді. Осылайша, аппарат жасанды бүйрек ретінде жұмыс істейді.

Гемодиализатордан басқа, гемодиализ жүргізуге арналған жабдық жиынтығына суды тазалауға арналған аппарат, сорғы аппараты, пациентті орналастыруға арналған кресло кіреді. Негізгі бөлу материалы - сүзгіш мембрана бар диализаторлар болып табылады.

Қазіргі заманғы гемодиализ аппараттары су көздеріне және тазалау жүйелеріне қарамастан автономды жұмыс істейді, сұйықтықтың теңгерімі мен сүзу процестерін автоматты түрде бақылайды, барлық қажетті режимдерді, оның ішінде плазмаферез бен плазмаадсорбцияны, автоматты толтыру мен шаюды атқарады. Барлық қосалқы әрекеттер автоматты түрде орындалады.

Интерактивті тақтадан аппараттардың түрін көрсету қажет.

Қазіргі кезде соңғы технологиялық жетістіктер мен инженерлік табыстар арқасында диализді заманауи аппараттармен жасайды, соның бірі неміс инженерлері жасаған Dialog+ аппараты.

Dialog + заманауи гемодиализ аппараты барлық халықаралық қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келеді.


Dialog + неміс аппаратының артықшылықтары:

Ультрафильтрацияны волнометриялық бақылау

Қан сорғысы – перистальтикалық, «жұмсақ старт» жасайды, жылдамдығы 50-600 мл/мин

Қосу кезінде гепаринді автоматты болюсті енгізу, бағдарламаланатын гепаринизация

Ауа детекторы – ультрадыбыстық, барлық рәсім барысында автоматты тестілеу



11-сурет. Dialog+™ Гемодиализ аппараты (B Braun, Germany)

Аталған аппарат туралы және оның жұмысы туралы видеоролик дайындау ұсынылады [8].

Тапсырма:

Сау бүйрек минутына қанша қанды тазалайды? Ал тәулігіне қанша қанды тазалайды? Математикалық пропорция бойынша есеп құрастыру.

Аппарат арқылы тазалағанда қандай физикалық құбылыстар жүреді?

Диализ туралы тақырыпты биологиялық тұрғыда ғана емес, физикамен химиямен және инженериямен осылай байланыстырып түсіндіруге болады.

STEM – білім-оқу мен мансапты жалғастыратын көпір. Оның тұжырымдамасы балаларды технологиялық дамыған әлемге дайындайды. Болашақ мамандарына жаратылыстану ғылымдарының, инженерия, технология және математиканың әр түрлі білім беру салаларынан жан-жақты дайындық және білім қажет.

STEM – білім беру әдісі арқылы биология сабақтарында модельдеу тапсырмаларын орындауға болады.

Модельдеу – биологиялық объектілерді зерттеу әдістерінің бірі. Модельдеу әдісі физика, механика, математика, биология заңдарын қолдана отырып зерттелетін процестің функционалдық құрылымын түсіндіруге мүмкіндік береді.

Модельдеудің келесі түрлері бар:

- ✓ табиғи (материалдық)- зертханалық зерттеу;
- ✓ ақпараттық-зерттелетін объектілер мен процестер туралы барлық қажетті ақпаратты қамтитын шамалар жиынтығы;
- ✓ математикалық модельдеу-объектінің немесе процестің маңызды белгілерін теңдеулер тілімен және басқа да математикалық құралдарды білдіреді;
- ✓ компьютерлік модельдеу - бұл компьютер көмегімен практикалық тапсырмаларды шешу әдісі,
- ✓ имитациялық модельдеу-бастапқы шарттарды өзгерту және нәтижелерді салыстыру.

Модельдеудің мынадай сипаттары бар:

Тапсырманың пәндік маңызы (мысалы: биологиялық);

математикалық құрылымы (формулаларды шығару).

Алынған шешімдерді талдау (түсіндірме жазбада көрсетіледі).

Мысалы, 10-сыныпта «Биомедицина және биоинформатика» бөлімінде «Жердегі тірі ағзалар қозғалысының биомеханикасын зерттеу» деген модельдеу жұмысы бар.

Оқу мақсаты: биомеханиканы робототехникада қолданылуын зерттеу.

STEM кабинетінде арнайы компьютерлік бағдарлама арқылы жануарлардың, мысалы иттің қозғалысының графигін жасауға болады.


Тапсырма:

«Иттің локомациясын зерттеу»

Ит жүрген кезде омыртқасы қандай қалыпта болады?

Алдыңға қарай жүгіргенде қай мүшелер белсенді қатысады?

Егер ит жүгіргенде алдыңғы сол аяқпен бастаса әрі қарай қалай болады?



12-сурет. Иттің локомациясының бейнесі.

Нәтижесінде оқушылар иттің биодинамикасын модельдеу арқылы түсінеді.


STEM – білім беру әдісін жүрек автоматиясын зерттеуде қолдануға болады. 10-сыныптағы «Жүректің өткізгіш жүйесі. Жүрек автоматиясының механизмі. Жүректегі қозудың өту жылдамдығы. Жүрек бұлшықеттерінің жиырылғыштығы. Электрокардиография, оның диагностикалық маңызы» тақырыбы бойынша математикалық есептер беруге болады.

Мысалы:

1) Адамның жүрегі егер ол орташа есеппен минутына 70 рет қысқарса және әрбір қысқарғанда екі қарыншадан 150см^3 қан айдаса 1 сағат ішінде және 1 тәулік ішінде қанша литр қан айдайды?

Автоматизм ерекше бұлшықет жасушаларын қамтамасыз етеді. Олар вегетативті нейрондардың ұштарымен жалғанған. Бұл жасушаларда мембраналық қуат 90 мВ жетуі мүмкін, бұл қозу толқынының генерациясына әкеледі. Бұл әлеуеттердің өзгеруін арнайы аппаратпен электрокардиограмма арқылы жазуға болады.

Электрокардиограмма - жүрек қызметі кезінде пайда болатын электр импульстерін графикалық тіркеу арқылы жүректің функционалдық жағдайын зерттеу әдісі.




13-сурет. Электр импульстерін графикалық сызбасы.

2. 80 жастағы адамның жүрегінің ырғақты жұмысын елестетіңіз (схемада берілген) және жүрек циклі фазасының ұзақтығын ескере отырып, оның 80-нен қанша жыл екенін анықтаңыз:

1) жүрек қарыншасының бұлшық еті демалды 2) жүрекшенің бұлшық еті демалды 3) жармалы клапандар жабылған 4) жартылай толқынды клапандар жабылған.

Тапсырма. Суретке қарап, жүрек бөліктерін атаңыз.



14-сурет. Жүрек құрылысы.

Сұрақтар:

ЭКГ нені көрстеді?

Қандай жағдайда ЭКГ-ге түсіру қажет болады?

Осылайша STEM – білім беру әдісі химиямен, физикамен, медицинамен байланыстыра оқыту арқылы оқушылардың функционалдық білімін арттыруға үлкен үлес қосады.

Lesson Study

Сабақтағы зерттеу жұмысын жүзеге асыру үшін қазіргі кезде Lesson Study әдісі кеңінен қолданылады.

Lesson Study-мұғалім тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған, сабақта іс-әрекеттегі зерттеудің ерекше түрін сипаттайтын педагогикалық тәсіл. Бұл тәсіл Жапонияда ХІХ-ғасырдың 70-ші жылдарында пайда болған, батыста қолданылатын тәсіл «іс-әрекеттегі зерттеу» негізінде жүзеге асты.

Lesson Study-ға жоспарлау, оқыту, бақылау, оқыту мен оқытуды талдау, өз қорытындыларын құжаттай отырып, бірлесіп жүзеге асыратын мұғалімдер тобы қатысады. Lesson Study циклін өткізу кезінде мұғалімдер жаңашылдықтар енгізе алады немесе педагогикалық тәсілдерді жетілдіре алады, олар содан кейін әріптестеріне ашық Lesson Study өткізу немесе олардың жұмысын сипаттай отырып құжатты жариялау арқылы беріледі.

Батыста Lesson Study тек қана кейінгі жылдарда жалпы педагогика саласында да, сондай-ақ пәндер бойынша да жапон оқушыларының білім жетістіктерінің жоғары деңгейін көрсетіп жүрген жапон мұғалімдерінің білімінің жоғары екенін растаған американдық зерттеушілердің пікірінен кейін танымалдыққа ие болды (Стиглер и Хиберт, 1999; TIMSS., 1999) [9].

Lesson Study әдісін қолданудың мақсаты әр түрлі болуы мүмкін. Ол мектеп мұғалімдерінің келісуіне байланысты. Зерттеуді жүргізу үшін ең

алдымен мектеп әкімшілігінің қолдауы қажет болады. Жұмысты бастамас бұрын мектеп әкімшілігімен және мұғалімдермен бірге жоспар құрылады.

Lesson Study әдісін өткізу үшін жасалатын шаралар:

- 1) жұмыс тобын құру
- 2) Мақсат қою
- 3) Lesson Study жүргізу

Lesson Study жүргізу үшін:

- *Зерттеу жүргізілетін оқушыларды анықтап алу;*
- *Әрбір оқушының деңгейін анықтап, әрқайсысына күтілетін нәтижені жазу*
- *Алғашқы сабақтың жоспарын дайындау*

Сабақты жоспарлау кезінде топ өз оқушыларында нені дамытқысы келетінін анықтайды. Сабақ жоспарынан басқа топ зерттелетін сабаққа қатысу кезінде назар аударатын аспектілер нақты көрсетілген бақылау парағын әзірлейді.

Сабақты өткізу кезінде топтың барлық мүшелері сабаққа қатысуы тиіс. Зерттеу тобының әрбір қатысушысы оқушылардың мұғалімнің іс-әрекеті мен нұсқауларына деген реакциясын қадағалауы тиіс.

Бақылаушының рөлі:

Топқа сабақта оқушылардың ойлау әрекетін ұйымдастыру туралы ақпарат жинауға көмектесу;

Сабақ бойы бір оқушыға бақылау жасау;

Сабақта оқушыда пайда болатын мәселелер туралы ақпарат жинау;

Оқушылардың материалды түсінбеуінің себебін анықтау;

Сабақ соңында мұғалімдер оны талқылау үшін қайтадан жиналады.

Сабақ өткізген мұғалім сабақта не орындалды, не орындалмады, сабақтың мақсатына қол жеткізе алды ма, осылар туралы талдау жасайды.

Сабақты талқылау отырысының хаттамасы жазылады.

Қорытынды кезеңде сабақтың бұрын анықталған күшті және әлсіз жақтарын есепке ала отырып, сабақ жоспарын және пайдаланылатын материалдарды, әдістемелерді өңдеу ұйымдастырылады.

9-кесте. Сабақты бақылау мен талдау сызбасы

Пән _____ Мұғалім/бақылаушы _____

Lesson Study барысындағы оқу мақсаттары:		
Ағымдағы жетістіктер мен табыс	Табыс критерийлері	Мұғалім пікірі

критерийлер Сабақ аяқталғаннан кейін күтетін нәтижелерді нақты аспектілер шеңберінде сипаттаңыз	А оқушы	В оқушы	С оқушы	
Сабақтың 1-кезеңі	күтілетін нәтиже	күтілетін нәтиже	күтілетін нәтиже	
Сабақтың 2-кезеңі				
Сабақтың 3-кезеңі				
Қорытынды				

Сабақтан соң оқушыларға мынадай сұрақтар қою ұсынылады:

Сізге осы сабақта не ұнады?

Бүгінгі сабақтан не үйрендіңіз?

Өзгертуге мүмкіндік берілсе нені өзгертер едіңіз?

Lesson Study аяқталған кейінгі талдау

Lesson Study тобы сабақтан кейін жиналып, талдау жұмысын бастау керек. Lesson Study-дан кейін табысты талқылаудың критерийлері төмендегідей болуы мүмкін:

- сыни пікірлер мен ұсыныстарға ашықтық;
- бақылау нәтижелері мен сәтсіздіктерге ақталудың болмауы;
- бірлескен оқыту әдісі ретінде сабақтан кейін бірлескен талқылауларды қабылдау;

Бақылау жоспарында нақты мақсаттар мен мәселелерді қою.

Қолтаңбаны және жазу күнін қойыңыз

Журналдағы түсініктемелерді сақтаңыз

<иология кабинетінде Кәсіптік оқыту.

CLIL технологиясы

Қоғамның бүгінгі әлеуметтік талабы – жаратылыстану-математикалық, химия-биологиялық пәндер бойынша ғылыми дайындықтың әлдеқайда жоғары деңгейін қамтамасыз ету; сонымен қатар білім беруде осы бағыттағы пәндерді ағылшын тілінде оқытуды жүзеге асыру. Қазіргі таңда келешек ұрпақты интеллектуалды тұлға етіп дамыту, көптілді меңгерту – білім беру жүйесінің өзекті мәселесі болып отыр.

Биология пәнін ағылшын тілімен байланыстыра оқыту оқушылардың сөздік қорын кеңейте отырып, жаңалық ашуға, әртүрлі бақылаулар, тәжірибелер жүргізуге құлшындырады. Қарапайым көрсетулер оқушыны өз

бетімен ізденуге, танымдық және шығармашылық икемділіктерін дамытуға бағыттайды. Сонымен қатар, алған білімі өмірге деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгерілуі қажет екендігі оқушы санасына сіңіріледі. Ең бастысы оқушының ағылшын тілін меңгерудегі сөздік қоры толығады, сөйлеу дағдысы қалыптасады. Сабақ барысында қосымша берілетін биологиялық терминдер сөздігі оқушының сөз қорын қалыптастыруда өз көмегін тигізеді.

Жалпы білім беретін жаратылыстану-математика бағытындағы мектеп мұғалімдері үшін, орта білім беру мазмұнын жаңарту негіздерінің бірі, үш тілді білім беруде заманауи CLIL әдісін белсенді қолдану өте тиімді. CLIL технологиялары шет тілін басқа пәндерді оқытуда оқудың қажетті құралы ретінде қарастырады.




Төменде CLIL технологиясын пайдаланатын мұғалімнің тәжірибесі ұсынылады.

Short Term Plan

Қысқа мерзімді жоспар

Subject: Biology Пән: Биология Chapter 7.7 Cell Cycle Бөлім 7.7 Жасуша циклі		Topic: Aging Тақырыбы: Қартаюу Teacher: Мұғалімнің аты-жөні:	
Date: Күні:			
Grade: 10 Сынып:		Number present: Қатысқаны:	absent: қатыспағаны:
The aim of the lesson Мақсаты		is that learners will be explain the process of aging.	
Lesson objectives Сабақ мақсаты		To know new terminology on topic the aging	
Language objective Тілдік мақсат		To use new terminology during the lesson <i>Aging-қартаюу-старение</i> <i>Alzheimer's disease-Альцгеймер ауруы</i> <i>Crucial-негізгі-ключевой</i> <i>Dysfunction-дисфункция</i> <i>Multiple sclerosis-көптік склероз-множественный склероз</i> <i>Pill- дәрі-таблетка</i> <i>Primers-праймер</i> <i>Senescence-физиологиялық қартаюу-физиологическое старение</i> <i>Side effects-жағымсыз әсер-побочное действие</i> <i>Telomere-теломера</i>	
Previous learning Алдыңғы білім:		Cancer	
Planned timings	Planned activities		Resources

Уақыт	Жоспарланған іс- әрекет	Ресурстар
<p>Start Басы 10 min</p> <p>Main Part Негізгі бөлім 20</p> <p>End Соңы 10 min</p>	<p><i>Greeting</i> -Hello, everybody! How are you?</p> <p>Let's check homework. -Explains one method of cancer treatment.</p> <p>Today's our new topic: Aging Now we will explain the process aging. Firstly I want to ask a question: "How can we stop aging?" Information about topic: Over the years people get older: their skin becomes wrinkled, hairs turn gray, some memories are lost, organs fail to work, ears and nose become bigger. This is called aging. Aging (also called senescence) is a biological process, in which organisms become older. This process happens with many animals fungi and humans. On the other hand, perennial plants and some animals never get old. Without any accidents, they can live forever. The aging process is associated with many disorders, such as the stop of regeneration, reproduction, and other body functions. Many molecular mechanisms, like any other mechanisms, fail to work because of the effects of oxygen, radiation, metabolism and many other factors. For example, by the time there are more mutations in DNA. These mutations can lead to many cell disfunctions, including cancer. Another reason for aging is the telomeres.</p> <p>Terminology -Repeat after me! -Next write this terminology in your copybook's!</p> <p>Activity Discussion on effective ways to cure the aging.</p> <p>Write the test.</p>	<p>Интерактивті тақта</p> <p>Activeboard</p>
<p>Assessment Бағалау</p>	<p>Speaking Peer assessment</p>	
<p>Homework Үйге тапсырма</p>	<p>Learn by heart the terms</p>	<p>presentation</p>

Reflection Рефлексия	-How was the lesson? Was it clear? Критерий арқылы өздерінің бағасын айтады. Табыс критерийлеріне назар аударады. «Сиқырлы алаңға» жабыстырған стикерлерін алып, сабақта қандай мақсатқа жеткен, жетпегендерін жазып, оқиды. «Сиқырлы алаңда» берілген сұрақтар Сабақта көзбен көріп не үйрендің? Сабақта құлақпен естіп не үйрендің? Сабақта қолмен жасап не үйрендің?	<p style="text-align: center;">VAK</p> <p style="text-align: center;">Visual, auditory, kinesthetic.</p>  <p style="text-align: center;">Сабақта көзбен көріп не үйрендің?</p>  <p style="text-align: center;">Сабақта құлақпен естіп не үйрендің?</p>  <p style="text-align: center;">Сабақта қолмен жасап не үйрендің?</p>
---------------------------------------	---	---

Жобалау әдісі

Биология сабақтарында оқу үдерісін ұйымдастырудың маңызды әдістерінің бірі- жобалау әдісі. Бұл әдіс оқушылардың белгілі бір мәселені өз бетінше зерттеуінен тұратын оқу-танымдық іс- әрекеттер жиынтығын қамтиды.

Жобалау әдісі-бұл білім алушылар өздері ғылыми ізденетін жол. Олар оқыту жағдайын өздері қалыптастырады және дамытады. Олар әр түрлі іс - әрекеттерде өздерін сынап, өздерінің қалаулары мен мүдделерін анықтайды.

Сабақта жобалау қызметі мұғалім мен оқушының ынтымақтастығына, шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған, үздіксіз білім беру үдерісінде бағалау нысаны болып табылады, оқушылардың кәсіби-маңызды іскерліктерін ерте қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жобалау әдісі жеке тұлғаның өзіндік және шығармашылық дамуына ықпал етеді. Жоба әдісінің негізгі идеясы оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетінің белгілі бір практикалық немесе теориялық маңызы бар проблеманы шешу кезінде алынатын нәтижеге бағытталуы [10].

Жоба әдісін тәжірибеде қолдану педагогтың рөлі мен функциясының өзгеруіне әкеледі. Мұғалім өз оқушыларының танымдық іс-әрекетін ұйымдастырушы, кеңесші, серіктес болып табылады.

Жобамен жұмыс істеу барысында білім алушыларда жаңа білім мен білікті арттыру талабы пайда болады. Биология курсынан жеке тақырып немесе тарау бойынша жұмыс істеу дағдыларын бекіту процесі жүреді.

Білім алушыларды оқыту барысында жобалау мен зерттеу қызметіне қойылған міндеттер мынадай болуы мүмкін:

- оқушылардың білім алуға деген қызығушылығын дамыту;
- шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру және дамыту;
- мәселені қою, оларды шешу жолдары мен тәсілдерін іздеу және табу құзыреттіліктері мен дағдыларын дамыту;
- оқытуды ынталандыру және өз бетінше іздеу үшін жағдай жасау;
- оқушылардың өз іс-әрекеттері үшін жеке (жеке) жауапкершілігінің негіздерін қалау , қабылданатын шешімдер, өзін-өзі бағалау;
- тұлғаның коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру және дамыту;
- күнделікті өмірде білімді қолдану қабілетін қалыптастыру, яғни функционалдық сауаттылықты дамыту.

Жоба тақырыптарын анықтау кезінде оқытушы мен оқушылардың біліктілігі көрінеді. Жобалық қызмет үшін өткен бөлімдер бойынша тақырыптар алуға болады.

Жобалау жұмыстарының түрлеріне: зерттеу жобасы, ақпараттық жоба, шығармашылық жоба, рөлдік ойын жобасы және т. б. жатады.

Ұзақтығына байланысты жобаларды шағын жобалар (бір сабақ, бір немесе бірнеше апта ішінде), Орта мерзімді жоба (бір немесе бірнеше ай ішінде), ұзақ мерзімді жоба (жыл бойы) болып бөлуге болады.

Жобалау әдісін пайдалануға қатысты негізгі талаптар:

- әртүрлі пәндік салалар бойынша біріккен білімді және зерттеу ізденісін талап ететін проблемалық мәселенің болуы;

- күтілетін нәтижелер іс жүзінде және танымдық маңызды болуы тиіс;

- оқушылардың өзіндік, зерттеу қызметі, зерттеу әрекеті;

- жобалық жұмыс құрылымының мазмұндылығы;

- зерттеу әдістерін қолдану [11].

Жоба барысындағы әрекеттер:

✓ Оқушылардың қандай да бір мәселеге немесе тақырыпқа қызығушылығын арттыру.

✓ Мұғалім жобалау жұмысының шарттарын түсіндіреді.

✓ Қатысушылар басты тақырыпты анықтайды.

✓ Сынып топтарға бөлінеді, олардың әрқайсысы тақырыпты әзірлейді, қандай да бір идеяны ұсынады.

✓ Сынып ең қолайлы идеяларды таңдайды

✓ Жұмыс топтары құрылады, онда қатысушылар идеяларды іске асыру үшін қажетті қызмет бағыттарын анықтайды.

✓ Жұмыс топтары зерттеу жүргізу үшін әдістер мен құралдарды таңдайды (зерттеу жобалары).

✓ Іс-қимылдың егжей-тегжейлі жоспарын (практикалық жобаларды) әзірлейді және жүзеге асырады.

✓ Теориялық жобаларды әзірлей отырып, топтар зерттеу жұмыстарын жүргізеді: эксперименттер, сауалнамалар, сұхбаттар, бақылау. Топтар рефераттар, хабарламалар, аудио немесе бейне материалдар түрінде жеке кезеңдерді көрсете алады.

✓ Топтар жұмыс нәтижелерін жалпы қорытындыға біріктіреді.

✓ Зерттеу нәтижелерін таныстыруды жүзеге асырады немесе әзірленген жоспарды енгізеді.

✓ Жұмыс нәтижесі мен процесін бағалау жүргізіледі.

Жобаның атауы: Генетикалық модификацияланған организмдер қосылған азық-түліктер.

Проблема: Біз биология сабақтарында тамақтану және ас қорыту процестерін теориялық тұрғыдан зерттейміз, бірақ дұрыс тамақтанбау мәселелерін жеткілікті қарастырмаймыз және дұрыс тамақтанбау салдарынан болатын аурулармен таныс емеспіз.

Жобаның мақсаты: Құрамында ГМО бар азық-түліктерді және олардың адам ағзасына әсерін зерттеу.

Міндеттері:

✓ тамақтану режимінің адам денсаулығына әсерін қарастыру,
✓ «биологиялық белсенді қоспалар», «биологиялық белсенді заттар» ұғымдарымен танысу»,

✓ дұрыс тамақтанбау нәтижесінде қандай аурулар туындауы мүмкін екендігін, олардың алдын алу, адамның рационалды тамақтануы бойынша ұсыныстары бар буклет құрастыру.

✓ тамақ өнімдері мен мәдениетінің адам денсаулығына әсерін анықтау.

Оқушыларда келесі құзыреттіліктерді қалыптастыру:

- ақпараттық,
- коммуникативтік,
- танымдық,
- ұсыныстармен буклет құрастыру арқылы талдай білу, жалпылау.

Пәндік-мазмұндық сала: пәнаралық байланыс.

Жұмыс түрлері:

- дәріс;
- мамандармен кездесу;
- әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс жасау;
- топтық жұмыс;
- дөңгелек үстел.



15-сурет. Генетикалық модификацияланған қызанақ.

ТМД елдерінде, оның ішінде халықтың тамақ ретінде пайдалану үшін мақұлданған ГМО тізімі:

Соя (Линия)

A2704-12

A5547-127

CV127

GTS 40-3-2

MON89788

Картоп

Russet Burbank Newleaf сорты, (Монсанто, колорадо қоңызына төзімділік, 2000—2007)

Superior Newleaf сорты, (Монсанто, колорадо қоңызына төзімділік, 2000—2008)

Жүгері

Линия 3272 (Сингента)

Линия Bt11 (Сингента Сидс)

Күріш

Линия LL 62 (Баер КропСайнс, глюфосинат аммонийіне төзімділік)

Қант қызылшасы

Линия Н7-1 (Монсанто)

Линия 77 (Сингента Сидс и Монсанто, глифосатқа төзімділік, 2001—2006)

Оқушылар ГМО деген не, алдымен соны зерттеп жазады. Ол мынадай сипатта болуы мүмкін:

1. ГМО деген не?

«Генетикалық модификацияланған организм (ГМО) — гендік инженерия әдістерінің көмегімен жасанды түрде өзгертілген организм. Бұл анықтама өсімдіктер, жануарлар және микроорганизмдер үшін қолданылуы мүмкін. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы генетикалық түрлендірілген организмдер — бұл генетикалық материалы (ДНК) өзгертілген организмдер, бұл ретте мұндай өзгерістер көбею немесе табиғи рекомбинация нәтижесінде табиғатта мүмкін болмаған.

Бастапқыда ГМО шығару мақсаты өсімдіктердің өнімділігін арттыру, олардың ортаның қолайсыз факторларына (құрғақшылық, қоректік заттардың жетіспеушілігі) төзімділігін арттыру, арамшөптерді улаған вирустарға немесе саңырауқұлақтарға, гербицидтерге сезімталдықтың пайда болуы, паразиттерге қызықпаушылық болды. Яғни, ғалымдарға шығын аз болған кезде өсіп, көптеген елдерде өткір тұрған азық-түлік мәселесін шеше отырып, жоғары өнім берген өсімдіктерді алғысы келді [12].

2. ГМО қалай жасалады?

ГМО өнім жасау үшін бірнеше әдіс түрлері қолданылады.

Бұл үшін құрғақшылыққа төзімді яғни, қажетті генді ДНК тізбегінен таза күйінде алып, содан соң оны гені өзгертілетін өсімдіктің ДНК-сына енгізеді.

Гендер туыс түрлерден алынуы мүмкін, содан кейін процесс цисгенез деп аталады. Ген осы туыс емес түрлерден алынса, трансгенез болады.

3. Адамзат үшін зиянды консерванттар мен эмульгаторлар

Эмульгаторлар – араласпайтын ингредиенттерді оңай араластыруға болатын тағамдық қоспалар. Олар бір тегіс эмульсия жасайды, өнімдерге қажетті консистенция, икемділік пен тұтқырлықты береді. Эмульгаторлардың негізгі қызметі -өсімдік майы мен судан біртекті қоспа жасау. Оларды көбінесе

майлар, десерттер, сусындар, сүт өнімдері, шоколад, балмұздақ, майонез, тұздықтар, балқытылған ірімшіктер дайындағанда қосады.

Табиғи эмульгаторларды мына заттардан алады:

Қанттан;

Глицериннен;

Ланолиннен және Лецитиннен.

Синтетикалық эмульгаторларды зертханада химиялық жолмен алады. Рұқсат етілген пайдалану мөлшері нормативтік актілермен бекітіледі.

Бұндай қосылыстардың мынадай топтары бар:

✓ *Бояғыш заттар – E100-E182 кодымен*

✓ *Консерванттар – сақтау мерзімін ұзартады – код E200-E299.*

✓ *Антитотықтырғыштар – тотығу процесін баяулатады, тағамды бұзылудан сақтайды. Бұл E қоспалар барлық жағынан – код E300-E399-ке сәйкес келеді.*

✓ *Стабилизаторлар — коды E400-E499 өнімнің консистенциясын сақтап тұрады.*


✓ *Эмульгаторлар – өнімнің құрылымын сақтайды. Қызметі бойынша – коды E500-E599 стабилизаторына сәйкес келеді.*

✓ *Иіс пен дәмді күшейтуші – код E600-E699*

✓ *Резервтік нөмір E700-E899.*

✓ *Антифламингілер және басқа қосылыстар – коды E900-E999*

Адам организмі үшін зиянды және тыйым салынған консерванттар мен эмульгаторлардың тізіміне тоқталсақ. Бұдан әрі, адам денсаулығына теріс әсер етуі мүмкін кейбір қауіпті консерванттар мен эмульгаторлардың тізімі ұсынылады. Әдетте, олардың атауы жазылған таңбалау өнімдер орамасында көрсетіледі.



16-сурет. Бояғыш заттар мен консерванттар қосылған тәттілер.

E121 — цитрустық қызыл бояғыш зат

E123 — қызыл амарант

E240 —формальдегид консерванты
күмәнділері: E-104, E-122, E-141, E-150, E-171, E-173, E-180, E-241, E-477
тыйым салынғаны: E-103, E-105, E-111, E-125, E-126, E-130, E-152
қауіптілері: E-102, E-110, E-120, E-124, E-127
онкологияның дамуына әсер етеді: E-131, E-142, E-210, E-211, E-212, E-213, E-215, E-216, Г: 217, E-240, E-330
теріге зиянды: E-230, E-231, E-232, E-238
қышыма пайда болады: E-311, E-312 и E-313
ішек қызметінің бұзылулары пайда болады: E-221, E-222, E-223, E-224 и E-226
асқазан жұмысы бұзылады: E-322, E-338, E-339, E-340, E-311, E-407, E-450, E-461, E-462, E-463, E-465, E-466
қан қысымын көтереді: E-250 и E-251
холестеринді көбейтеді: E-320 и E-321 [13].

Оқушылар жоба тақырыбы бойынша зерттеулерін дәптерге жазады. Сыныпта талқылап, қорытынды жасайды.

Қорытынды

Бүгінгі күні ГМО өнімдерін зиянды немесе пайдалы деп сеніммен айтуға болмайды. Бұл мәселе бойынша зерттеулер жеткілікті жүргізіліп, ғылыми дәлелдер нақты айтылған жоқ. Сондықтан ГМО бар азық-түлікті қолдану немесе қолданбауды әр адамның өзі шеше алады.

Зерттеушілік әдісі

Қазіргі уақытта биологияны оқытудың ең маңызды міндеттерінің бірі әрбір білім алушының өзі толыққанды жеке тәжірибе жасауға бағытталуы болып табылады. Сондықтан білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін биология сабақтарында зерттеушілік әдістерді көбірек қолдану ұсынылады.

Зерттеу қызметі жаңа білім алуға бағытталған оқу процесін ұйымдастырудың бір түрі ретінде әрекет етеді.

Зерттеу тәсілін қолданудың қажеттілігі бала болмысының білмекке құмарлығымен, оның қоршаған дүниені зерделеуге деген қызығушылығымен түсіндіріледі. Оқушылардың өзіндік зерттеулері, олардың жеке қажеттіліктері сұраныстарын қанағаттандыруға септігін тигізеді. Сонымен қатар, өзіндік зерттеулер интеллектуалды және шығармашылық қабілеттерді, ойлау және зерттеу біліктерін дамытуға мүмкіндік береді. Өзіндік зерттеулердің көмегімен оқушылар дүниені тани келе, өздері үшін жаңа білімдерді дайын күйде алмай, өз бетімен ашады. Зерттеушілік жұмыс балалардың өз қызығушылығынан басталады.

Зерттеу оқытудың барлық кезеңдерінде ұйымдастырылуы мүмкін. Мұғалім зерттеу қызметінің формасы мен шарттарын ұйымдастырушы ретінде әрекет етеді, оның бағыт беруімен білім алушыларда зерттеу, шығармашылық ұстанымымен ғылыми немесе өмірлік мәселеге ғылыми көзқараспен қарауға ішкі уәждеме қалыптасады.

Зерттеу жұмысы үш бөлімге бөлінеді:

Кіріспе
негізгі бөлімі
қорытынды

Кіріспе бөлімінде зерттеу проблемасының өзектілігін негіздейді. Негізгі бөлімде зерттеу объектісі мен мәні анықталады.

Зерттеу қызметінің мақсатын қысқаша тұжырымдау ұсынылады. Зерттеудің міндеттері оның әдістері мен әдістемелерін, яғни зерттеуші қолданатын әдістер мен тәсілдерді анықтайды. Қорытынды бөлімінде білім алушы зерттеу барысында алынған нәтижелерді тізімдейді және қорытынды жасайды [14].

Зерттеу жұмысын мысалы, 10-сыныпта «Биологиялық нысандарда нәруыздың болуы» тақырыбында жүргізуге болады. Оқу мақсаты: биологиялық нысандарда нәруыздың болуын анықтау.

Жұмыс №1 «Дәнді және бұршақ тұқымдарынан қарапайым белоктарды бөлу»

Қарапайым нәруыздар протеиндер, пептидті байланыстар арқылы байланысқан α -амин қышқылдарының қалдықтарынан ғана тұрады. Протеиндер ағзада әртүрлі функцияларды орындайды: құрылымдық, катализдік, реттеуіш, қорғаныштық, жиырылғыштық және т. б. Протеиндер амин қышқылдық құраммен ерекшеленеді және әртүрлі еріткіштерде еру қабілеті бойынша топтарға бөлінеді.

Альбуминдер-суда және бейтарап тұздар мен 4-10% концентрациясы бар аммоний сульфатында жақсы еритін және осы ерітінділерде тұнбаға айналады. Альбуминдер барлық ағзалардың жасушаларында бар.

Глобулиндер суда ерімейді, сулы ерітінділерде бейтарап тұздар мен 4-10% концентрациясы бар аммоний сульфатының жартылай қаныққан ерітінділерінде тұнбаға түседі. Глобулиндер организмдердің барлық түрлерінде кездеседі, өсімдіктерде, әсіресе бұршақ тұқымдарында ең көп таралған.

Альбуминдерді алу.

Жұмыс барысы:

Екі сынауықты алып 1 граммнан біреуіне бидай ұнын, екіншісіне бұршақ ұнтағын саламыз. Екеуіне де 10 мл-ден су құйып, араластырып, 37-38°C-та термостатқа 30 минутқа қоямыз. Сынауықтағы затты 6-7 минут сайын араластырып тұру керек. Уақыт біткен соң оны центрифугалық сынауыққа салып, 3000 к/мин жылдамдықта 10 фильтрден өткіземіз. Алынған мөлдір альбуминді құрғақ, таза сынауыққа құйып, биуретикалық реакцияға пайдаланады. Боялудың қарқындылығы бойынша зерттелетін нысандағы альбуминдердің құрамы туралы қорытынды жасайды.

Нәтиже: Егер 1 мл бидай немесе бұршақ ұнының альбумин ерітіндісіне 4 мл натрий хлоридінің қаныққан ерітіндісін қоссаңыз, онда нәруыздар тұнбаға түседі. Нәтижелерін журналға жазу.

Глобулинді алу.

Жұмыс барысы:

Екі сынауықты алып, 1 г-нан біреуіне – бидай немесе арпа ұнын, екіншісіне бұршақ ұнын салады. Екеуіне де 10%-дық 10 мл натрий хлоридін

кұйып, араластырып, 37-38 °С температурада 30 минутқа термостатқа қояды, оны әрбір 6-10 минут сайын араластырып тұрады. Белгіленген уақыт өткеннен кейін сынауықтардың ішіндегісін центрифугалық сынауыққа салып, 10 фильтрден өткіземіз. Алынған мөлдір альбуминді құрғақ, таза сынауыққа құйып центрифугалайды немесе жиналмалы сүзгі арқылы сүзеді. Глобулиндердің алынған мөлдір ерітіндісін таза құрғақ пробиркаларға құйып, биурет реакциясын жүргізу үшін пайдаланады. Боялу қарқындылығы бойынша зерттелетін нысандағы глобулиндердің құрамы туралы қорытынды жасайды.

Кестені толтырады:

зерттелетін нысан	альбуминдер	глобулиндер
бидай ұны		
бұршақ		

Жұмыс №2 «Нәруыздарды сапалық анықтау»

Реактивтер: NaOH, CuSO₄, йод тұнбасы, тауық жұмыртқасы, су, этанол, Pb(NO₃)₂.

Тапсырма. Нәруыз денатурациясы

1. Нәруыз ерітіндісін дайындау. Ол үшін жұмыртқаның ақуызын бөліп алып, 150 мл суға ерітеді. Сынауыққа 4-5 мл нәруыз ерітіндісін салып, спирт шамында қыздырады. Бақылауды жазып алады. Ерітіндіні салқындатып, 2 есе мөлшердегі суда ерітеді.

2. Сынауыққа 2-3 мл нәруыз ерітіндісін салып, 1 мл этанол құяды. Бақылауды жазу. Ерітіндіні салқындатып, 2 есе мөлшердегі суда ерітеді.

Қорытынды: Неліктен ерітінді қыздырғанда түсі бұлыңғырланады? Неліктен тұнба сумен еріткенде немесе салқындатқанда ерімейді? Неліктен нәруыз ерітіндісі этанол қосқанда бұлыңғырланады? Неге тұнба ерімеді?

Сұрақтарға жауап беріп, дәптерге жазады.

Осылайша, зерттеу жұмыстары арқылы оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, өз бетінше тәжірибе жасауға, сұрақтарға жауап табуға, ізденуге жол ашуға болады.

Тәжірибелік жұмыстарды жүргізу барысында өзінше жаңалықтар ашып, табиғат заңдылықтарын өз бетінше танитын болады. Бұл нағыз қазіргі замандағы ұрпаққа қойылып отырған басты талап болып табылады. Сондықтан әрқашан оқушыларға тәжірибе жасауға мүмкіндік беріп, бағыт беріп отыру ұсынылады.


Ақпараттық- коммуникативтік технологиялар

Биология сабағында оқушылардың материалды жақсы меңгеруі үшін көрнекілік көп болуы керек. Кестелер, плакаттар, оқулықтар, әдістемелік құралдар ақпараттық технологиялар сияқты үлкен иллюстративті материал бола алмайды. Сондықтан заманауи сабақта АКТ пайдаланбау мүмкін емес.


Сабақта ақпараттық технологияларды қолданудың бірнеше тәсілдері мен формалары бар. АКТ модельдерінің кең тараған түрлерінің бірі презентация болып табылады.

Презентация-бұл тақырыптың негізгі тезистерін үлкен экранда демонстрациялау, ол әр түрлі иллюстрациялардан тұрады. Оларды жасау үшін PowerPoint, Movie Maker бағдарламалары қолданылады. Бұл бағдарламалармен презентацияны кез келген мұғалім жасай алады. Оқушылар үшін презентациялар - өз шығармашылық мүмкіндіктерін көрсету құралы болып табылады. АКТ-ны пайдалану оқу процесінің тиімділігін арттырады.

Мысалы, интерактивті тақтаның көмегімен 10-сыныпта «Жасушалық биология» бөлімінде жасуша құрылысы бойынша жақсы презентация көрсетуге болады:



17-сурет. Жасуша мембранасының құрылысы.



18-сурет. Митохондрия құрылысы.

Сонымен қатар, компьютерде кластер жасап, интерактивті тақтамен көрсетуге болады:



19-сурет. Пластидтер құрылысы бойынша кластер.

Сабақта сонымен қатар, электронды энциклопедияларды қолдануға болады. Олар негізгі ұғымдар бойынша ыңғайлы іздеу жүйесін қолдайды; аудио және бейнефрагменттерді қамтуы мүмкін; уақытты үнемдеп, қажетті ақпаратты табуға мүмкіндік береді.

Бейнефрагменттерді, дыбыстық сүйемелдеумен анимацияларды (оқыту бағдарламасы) пайдалануға болады, кез келген уақытта оларды тоқтатуға және түсініктеме беруге болады.

Биология сабақтарында интерактивті тақтаның көмегімен ұяшық түрінде кесте жасап, сұрақтар тандап білімдерін байқау әрі қызықты, әрі әділ болады.

«Box of questions» арқылы өзін-өзі бағалау



Түсіндіру	Болжау	Талдау	Бағалау
1	1	1	1
2	2	2	2
3	3	3	3



20-сурет. Ұяшық түріндегі сұрақтар кестесі.

Пәнаралық байланыс

Жаңартылған бағдарламаның тағы бір өзіндік ерекшелігі – пәнаралық интеграцияның сақталуы болып табылады.

Пәнаралық байланыс – бұл түрлі оқу пәндерін сәйкестендіріп оқытуға мүмкіндік беретін әдіс:

1) түрлі ғылымдарды кіріктіру процесі ретінде, ғылыми білімнің ерекшеліктерін көрсету;

2) білім алушыларда қоршаған әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

«Жаратылыстану» білім саласы пәндерін оқытудағы пәнаралық байланыстар келесі әдістемелік тәсілдер мен жолдарды қолдану арқылы жүзеге асырылады:

– пәннің маңызды заңдылықтарын ашу үшін биология, география, химия, физика пәндерінен алған білімдеріне сүйену;

– пәнаралық негіздегі арнайы тапсырмалар мен жаттығуларды орындау, есептер шығару;

– кестелер мен иллюстрациялармен жұмыс істеу;

– пәнаралық тақырыптарды зерделеу және пәнаралық жобалар орындау;

– биологиядан алынған білімді қамтуды талап ететін ғаламдық, аймақтық, жергілікті және табиғат нысандарының проблемаларына кешенді сипаттама құрастыру;

– мектеп оқушыларын туған өлкенің табиғатын қорғау мен зерттеудің түрлі іс-әрекеттеріне қатыстыру.

Пәнаралық байланысты жүзеге асыру оқытудың ғылыми деңгейін арттырады, оқу материалының мазмұнына, мұғалім қолданатын оқытудың әдістеріне, сонымен қатар оқушылардың өз бетімен жүзеге асыратын оқу тәсілдеріне әсер етеді. Сонымен қатар, пәнаралық байланысты белсенді пайдалану, жаратылыстану бағыты пәндерін оқыту процесінде оңтайландыруға және білім алушыларға түсетін оқу жүктемесін жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Пәнаралық байланыстар зерттеудің (эксперименттік әдіс, жобалық және модельдеу әдісі және т.б.) жалпы әдістерінде қолданылуы мүмкін [15].

Жаңартылған бағдарлама-бұл жаңа оқулықтар, білім мазмұнындағы өзгерістер, ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлаудың жаңа көрінісі ғана емес, сонымен қатар жаңа тәсілдер, әдістер, стратегиялар. Сондықтан педагогқа білім берудің жаңартылған мазмұнының әдіснамасы мен мазмұнын қабылдауға, білім беру қызметіндегі өзгерістерге, педагогикалық қызметтің мақсаттары мен тәсілдерін өзгертуге дайын болуы қажет.

Сын тұрғысынан ойлау

Биологияны оқытуда білім алушылардың ой-өрісін, мәселелерді табу және шеше алу сияқты шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану өте жемісті нәтиже береді.

Сын тұрғысынан ойлау бақылау, тәжірибе, толғану және пайымдау нәтижесінде алынған ақпаратты ұғыну, бағалау, талдау және синтездеуде қолданылатын әдіс болып табылады, сонымен қатар ол әрекет жасауға негіз, түрткі болуы да мүмкін. Сын тұрғысынан ойлау көбінесе бір нәрсені елестетуге, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекеттің жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерін енгізуге дайын болуды көздейді, ол ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге бейімділік пен басқаларды сын тұрғысынан ойлауға баулуды білдіреді.

Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту үшін технологияны қолданудың үш негізгі кезеңі бар: шақыру, ойлау, рефлексия. Бірінші кезең – шақыру. Осы кезеңнен бастап әр сабақ басталады. Оның міндеттері: тақырыпты анықтау және жинақтау, зерттелетін тақырыпқа қызығушылық туғызу, оқушыларды белсенді жұмыс істеуге ынталандыру. Екінші кезең – ойлау. Бұл кезеңде оқушылар жаңа ақпарат алады, оны түсінеді, бар білімдерімен ой түйеді. Үшінші кезең – бұл рефлексия. Ол: тұтас түсінік, алынған ақпаратты қорыту, жаңа білімдерін, жаңа мәліметтерін беру, зерттелетін материалдарға әрбір білім алушының өз көзқарастарын қалыптастыру [16].

Сыни ойлау дағдылары келесі компоненттерді қамтиды:

- проблемаларды шешудегі басымдықтардың, иерархияның және кезектіліктің маңызын түсіну;
- тиісті ақпаратты жинау;
- белгіленбеген жорамал мен құндылықтарды мойындау;
- тілді түсіну және нақты, анық және түйсіне қолдану;
- дәлелдер мен дәйектерді бағалау, деректерді интерпретациялау;

- тұжырымдар арасындағы логикалық байланыстардың болуын (немесе болмауын) белгілеу;
 - шынайы қорытындылар мен шолу жасау;
 - жасалған қорытындылар мен шолуларды сараптау;
 - алынған тәжірибенің негізінде ұстаным модельдерін түзету;
 - күнделікті шынайы өмір тұрғысынан нақты нәрсе (құбылыстар мен т.б.) туралы бара-бар пікір қалыптастыру [17].
- Кестеде сыни ойлаудың әдістемелік әдістері ұсынылады.
10-кесте. Сыни ойлаудың әдістемелік әдістері.

Сабақ құрылымы		
«Шақыру»	«Ойлау»	«Рефлексия»
- бар білімді жетілдіру; - жаңа ақпаратты алуға қызығушылықты ояту; - білім алушының өз жеке мақсаттарын айқындау	- жаңа ақпарат алу; - тақырыпқа қызығушылықты сақтау; - білім алушылардың мақсаттарына түзету енгізу	- рефлексия, жаңа білімнің пайда болуы; - білім алушының жаңа оқу мақсаттары; - болашақты жоспарлау

Сыни тұрғыда ойлау дайын жауаппен емес, сұрақтар мен проблемалардан басталады. Оқытудың бұл технологиясы көптеген әдістер мен тәсілдерді қамтиды. Мысалы, *INSERT* (INSERT-Interactive Noting System for Effective Reading and Thinkeng– тиімді ойлау мен оқуға арналған белілеудің интербелсенді жүйесі) әдісінде:

«INSERT» әдісі тақырыпты оқып, белгілер қояды: «v» – бұрыннан білетіндері, «+» – бүгінгі сабақтан білгені, «?» – оқушы үшін қызықты болғаны, «!» – түсінбегені бойынша белгілер қояды.

Оқушы сабақты тыңдағанда жекелей кестені толтырып отыруы тиіс:

Бірінші («қанатша») бағанға оқушы сабақта кездестірген өздерінің бұрыннан білетін таныс мәліметтерді келтіреді.

Екінші («плюс») бағанға оқушы осы сабақта өздері үшін жаңа болып табылатын ақпаратты жазады.

Үшінші («минус») бағанға осы сабақта келтірілген қандай ақпараттың олардың бұрыннан білетініне қайшы келгенін жазады.

Төртінші («мен») бағанға тақырыптың оқушыға қалай септік тигізіп, қандай пайда келтіретіндігін жазады.

Сабақтың әр бөлігінен кейін білім алушылар өз кестелерін салыстырып, өзара талқылау жүргізіп отырғаны орынды. Ал мұғалім бұл тәсілді шығармашылық тұрғыдан қарастырып, оған өзгертулер енгізуіне болады [18].

Мысалы, тақырып бойынша білім алушылар келесі түрдегі кестені толтырады:

«v»	«+»	«-»	«?»
«v» (иә) белгісін өзіңіз келісетін болсаңыз қойыңыз	«+» (плюс) белгісін ақпаратты өзіңіз үшін жаңалық деп есептесеңіз қойыңыз	«- » (минус), егер ойыңызға қайшы келсе қойыңыз	«?» өзіңізге түсініксіз болған жағдайда қойыңыз

Бұл білім алушыға өз оқыған мәтінін түсінуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, «Инсерт» технологиялық әдісі ескі ақпараттан жаңасына өтуге мүмкіндік береді. Оқылған тақырып бойынша келесідей кестені де толтыруға болады, онда «v» – жаңа ақпарат, «+» – өте құнды мәлімет, «-» – ал менде басқаша, «?» – онша түсінбедім, таңғаламын дегенді білдіреді.

11-сыныптағы «Түрлердің алуантүрлілігі. Харди-Вайнбергтің генетикалық тепе-теңдік заңы. Сирек кездесетін және жойылып бара жатқан өсімдіктер мен жануарлардың түрлерін қорғау» тақырыбында оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін арттыру үшін мынадай сұрақтар қоюға болады:

1. Тропикалық ормандарда жарық іздеп, құнарлы жерден жойылып кеткен өсімдіктер кездеседі. Мұндай өсімдіктер қалай аталады? Олар топырақсыз қалай өмір сүреді?

2. Биосфера жердегі климаттық жағдайларды өзі реттейтіні дәлелденген. Бұл туралы жер шарының әр түрлі аймақтарындағы жауын-шашын саны мен орташа жылдық температурасының тұрақты сандарынан көруге болады. Бірақ күн сәулесінің түсуі және басқа да ғарыштық әсерлердің өзгеруі «жаман» немесе «жақсы» ауа райына алып келеді, яғни ауа-райы біркелкі емес. Ауа райының тұрақсыз жағдайында биосфераның тұрақты тепе-теңдігі қалай сақталады?

Жауаптар:

1. Ағаштарға қоныстанған өсімдіктер эпифиттер деп аталады. Бұл өсімдіктер ауадан су мен минералды тұздарды сіңіруге және жәндіктердің шабуылынан қорғануға бейімделген.

2. Ауа райы өсімдіктердің өсуіне тікелей әсер етеді. Биосферада өсімдіктер жылу балансының басты реттеушісі болып табылады. Олардың өсуі мен кемуі тұрақты болып келеді, сондықтан да биосферада өзара тұрақтылық сақталады.

Сын тұрғысынан ойлау әдістерін жоғары сыныпта көптеген тақырыптарда қолдануға болады. Мысалы 11-сыныпта жаңадан енгізілген мындай тақырып бар: «Экстракорпоральды ұрықтандыру әдісі және оның маңызы. Экстракорпоральды ұрықтандырудың этикалық аспектілері»

Оқу мақсаты: экстракорпоральды ұрықтандыру әдісінің маңызын түсіндіру

Экстракорпоральды ұрықтандыру әдісі деген – бедеулік, яғни әйелдің бала көтеру мүмкіндігі болмаған жағдайда қолдан ұрықтандыратын репродуктивті технология. Бұл әдісте әйелдің жұмыртқа жасушасын алып, сынауыққа салып, сонда ұрықтандырады да, 4-5 күннен кейін әйелдің жатырына салады.

Бұл медициналық технология алғаш рет 1977 жылы Ұлыбританияда қолданылды, нәтижесінде 1978 жылы Луиза Браун есімді қыз дүниеге келді. Кеңес Одағындағы ЭКҰ көмегімен алынған бірінші бала (қыз) 1986 жылдың ақпан айында дүниеге келді. Шара Мәскеуде, ана мен бала денсаулығын қорғау орталығында (қазіргі академик В. И. Кулаков атындағы Акушерлік,

гинекология және перинатология Ұлттық медициналық зерттеу орталығы) орындалды. Сол 1986 жылы Ленинградта Кирилл атты ұл бала дүниеге келді.

Ал Қазақстанда ЭКҰ көмегімен алғашқы бала бала 1996 жылдың шілдесінде дүниеге келді.

Сыныпқа мынадай сұрақтар қойылады:

1) Экстракорпоральды ұрықтандыру әдісін қолдану қажет пе әлде қажетсізбе? Неліктен?

2) ЭКҰ әдісін этикалық тұрғыда талқылайық

3) Балалы болудың мұндай әдісі отбасылық құндылықты сақтауда қандай роль атқарады?

Сыныпта бұл әдісті қолдайтын және қолдамайтын топ пайда болады. Оқушыларды ашық пікірталасқа шақырып, ойларын ашық айтуға мүмкіндік беру қажет.

3 «Биология» пәнінен қысқа мерзімді сабақ жоспарын әзірлеу және критериалды бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар

Қысқа мерзімді жоспар немесе сабақ жоспарын дайындау барысында мұғалім оқушылардың жеке қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескере отырып, саралап оқыту тәсіліне ерекше назар аударғаны жөн. Қысқа мерзімді жоспар мұғалімге сабақты тиімді құруға көмектеседі. Ол үшін мұғалім оқу материалы мен сабақтағы әрекетті мұқият іріктеп алуы керек. Әр сабақтан кейін мұғалім оқушылар меңгере алмаған немесе түсінбеген жерлерін анықтау мақсатында сабақты талдап, рефлексия жасап отыруы керек.

Қысқа мерзімді жоспар құрған кезде мұғалім төмендегі ұсыныстарды басшылыққа ала алады:

- сабақты құрғанда оқу бағдарламасы мен оқу жоспарында көрсетілген оқу мақсаттарын басшылыққа алу;
- сабақтың мақсатын анық тұжырымдау, яғни нақты, өлшемді, қолжетімді, шынайы мақсаттар қою;
- оқу жоспарында көрсетілген барлық жаттығуларды, әдістемелік кеңестерді, ресурстарды мұқият зерделеу;
- мұғалімнің қалауы бойынша қажеттілігіне қарай жаттығу түрі толықтырылып отырады [19].

7-кестеде қысқа мерзімді жоспар үлгісі ұсынылады.

7-кесте. Қысқа мерзімді жоспар үлгісі

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі:		Мектебі :	
Уақыты, күні:		Мұғалімнің аты-жөні:	
Сынып :		Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы			
Оқу мақсаты (оқу бағдарламасына сүйеніп)			
Сабақ мақсаты			
Бағалау критерийлері			
Тілдік мақсаттар			
Құндылыққа бағытталуы			
Пәнаралық байланыс			
Алдыңғы білім			

Сабақ барысы		
Жоспарланған сабақ кезеңдері	Сабақта жоспарланған жаттығулардың түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы		
Сабақтың ортасы		
Сабақтың соңы		
Дифференциация – қандай тәсілмен көбірек қолдауды қалайсыз? Басқалармен салыстырғанда қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?	Бағалау-оқушының оқу материалын меңгеруін қалай тексересіз?	Денсаулықты және техникалық қауіпсіздікті сақтау
<i>Сабақ бойынша рефлексия</i> <i>Сабақтың нақты және қолжетімді мақсаты немесе оқу мақсаттары болды ма? Барлық оқушылар оқу мақсатына жетті ма? Егер оқушылар әлі мақсатқа жетпесе, неліктен деп ойлайсыз? Сабақта саралап оқыту дұрыс жүргізілді? Сабақ кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан ауытқу болды ма және неге?</i>		
Жалпы бағалау Сабақта тиімді, пайдалы болған екі жағдай? 1: 2: Сабақ нәтижелі болуы үшін тағы не істеу керек еді? 1: 2: Мен бұл сабақта сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиындықтары туралы не білдім?		

Әрі қарай практик-мұғалімдердің қысқа мерзімді жоспарларынан мысалдары келтірейік.


1) Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Тайынша орта мектебінің биология пәні мұғалімі Бөгенбаев Бақытқали Рахманұлының іс-тәжірибесінен қысқа мерзімді жоспары:

Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы:	Мектеп: Тайынша орта мектебі	
Күні:	Мұғалімнің аты-жөні: Бөгенбаев Бақытқали Рахманұлы	
Сынып: 10	Қатысқандар:	Қатыспағандар:

Сабақтың тақырыбы	Майлар мен липидтердің сипаттамалары
Оқу мақсаты	10.4.1.2 майлар мен липидтің биологиялық қызметтерін сипаттау
Сабақтың мақсаты	Майлардың глицерин мен карбон қышқылының күрделі эфирі екенін ашу,оның құрылысының қасиеттерінебайланыстылығын, қолданылуы, гидрлеу процестері туралы мағлұматты оқып-үйренуге бағыт бағдар беру. Майдың түзілу және гидролиз реакцияларының теңдеулерін жаза білу.
Бағалау критерийлері	1.Көмірсулар мен липидтердің құрамын, қасиеттерін, қызметін біледі. 2.Көмірсулар мен липидтерді салыстырады. 3.Көмірсулар мен майлардың өсімдіктер мен жануарлар тіршілігіндегі маңызын сипаттайды.
Тілдік мақсаттар	Термин сөздер 1. Моносахаридтер деген не? 2. Глюкоза 3. Сахароза 4. Целлюлоза 5. Глицерин
Құндылықтарға баулу	Алған білімдеріне жауапкершілікпен қарауға, негізгі мақсатқа табандылықпен жетуге , өз мүмкіндігіне сенуге , үлкен жетістіктерге жетуге үйрету.
Пәнаралықбайланыс	Химия

Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы 12 мин	<p>1. Ынтымақтастық атмосферасын құру. «Уәде беремін!» әдісі арқылы шаттық шеңберде оқушылар мен мұғалім өздерінің жақсы уәделерін береді. Түрлі-түсті тақшалар арқылы топқа бөлінеді.</p> <p>2.«Шахмат» әдісі арқылы алдыңғы білім тексеріледі.</p> <p>Дискрипторы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Термин сөздерге дұрыс жауап жазады. 2. Мономерлердің қасиеттерін сипаттай алады. 3. Мономерлер мен полимерлерді салыстыра алады. <p>Қалыптастырушы бағалау мадақтау. «Басбармақ»</p> <p>3. «Ой қозғау»: 1.Суреттерді жұптастыр.</p>	Оқулық Картоп, күріш, күнбағыс, зәйтүн майы. Бейнежазба.w ww.youtube.
	   	

	<p>1.Берілген суреттерді қалай жұптастырар едіңіз? 2.Неліктен? Дескрипторы: 1. Картоп пен күрішті жұптастырады , оларды байланыстыратын көмірсулар екенін айта алады. 2.Берілген тағамдардың құрамында көп мөлшерде болатынын айтады. 2. Күнбағыс пен зәйтүнді майларға жұптастырады. 2. «Көмірсулар мен майлар » тақырыбында бейнежазба көрсетіледі. 1. Көмірсулар мен майлар деген не? 2.Табиғи көздері нелер? 3. Олардың қандай түрлері бар? 4. Қызметі қандай? Дескрипторы: 1. Көмірсулар мен майларды сипаттай алады. 2. Олардың түрлеріне сипаттама бере алады. 3. Қызметін айта алады. Жаңа сабақтың тақырыбы ашылады. Сабақтың тақырыбы ашылған соң сабақтың мақсатымен таныстырамын .</p>	
<p>Сабақтың ортасы 20 мин</p>	<p><i>Жаңа сабақты меңгеру</i> Тапсырма1. 1.«Бір минуттық әңгіме»оқушылар қарама-қарсы сызық бойымен отырып берілген тапсырмаларын бір-біріне түсіндіреді, жұптық әңгіме жүргізіледі. Дескрипторлары: 1. Көмірсулар мен майлардың құрамын біледі. 2. Қасиеттерін сипаттап айтады 3. Түрлеріне сипаттайды.. 4. Қызметін түсінеді. Белсенділік танытқан оқушыларға қолдау көрсету. «Жарайсың» Топтық жұмыс 1- топ: Майлардың табиғатта кездесуі мен маңызы. 2- топ: Майлардың құрамы мен құрылысы. 3-топ: Майларды алу жолдары мен физикалық қасиеттері: 4- топ: Майлардың химиялық қасиеттері.</p>	<p>оқулық, қосымша ресурстар, үлестірме парақтар, маркерлер.смайликтер.</p>



Липидтер (грекше *Ліроз-май*) дегеніміз полярлы емес еріткіштерде жақсы еритін төмен молекулярлы органикалық заттар. Химиялық құрылысы бойынша липидтер әртүрлі болады, бірақ олардың барлығы дерлік кез-келген спирттер мен май қышқылдарының күрделі эфирлері болып табылады. Сонымен қатар липид молекулаларының құрамына азотты қосылыстар, фосфор қышқылы және көмірсулар енуі мүмкін.

Тақырып бойынша әр балаға жеке-жеке оқуға беру. (5 минут)

Бір-біріне тақырып бойынша түсінгендерін айтып беру. (2 минут)


Әр топ оқыған тақырыптар бойынша «Кластер» қорғауға дайындалу. (4 минут)

«Кластер» қорғау. (4 минут)

Тапсырма .

«Вендиограммасы»

Көмірсулар/Липидтер



Дескрипторлары:

1. Көмірсулар мен липидтердің құрамының айырмашылығын, салыстырады.

2. Көмірсулар мен липидтердің ортақ қасиеттерін жазады. Әр топта бірінші дескриптор бойынша «Толық ай, жаңа ай» әдісімен бағалаймын.

Жұптық жұмыс

«Ой-тұжырым» «Адамға балық ұстауды үйретсе бір күн тоқ болар, ал аулап үйретсең өмірлік азығы болар», - деген даналық сөз арқылы химиялық тәжірибе жұмыс істеу дағдысын дамыту үшін әр топқа әр түрлі тапсырмалар беру. (зерттеу жұмыстары)

1-: Қажетті құрал-жабдықтар:

Маргарин майы бар стакан;

Сарымай кесегі бар стакан;

Калий перманганатының ерітіндісі;

Скальпель;

2 шыны таяқша.

Тапсырма: Табиғи сарымай аралас сипаттағы майлардан тұрады, қаныққан және қанықпаған карбон қышқылдарының қалдығынан. Калий перманганаты ерітіндісін пайдалана отырып маргаринді сарымайдан қалай ажыратуға болады?

2- Қажетті құрал-жабдықтар:

Этил спирті;

Қатты сабын;

Фенолфталеин ерітіндісі;

1%-тік спирт ерітіндісі немесе қағазы;

Сынауық;

Су;

Тапсырма: Сабын ерітіндісінің ортасын индикаторлар арқылы зерттеңіз, не байқадыңыз?

3- : Қажетті құрал-жабдықтар:

Кәрлен келі;

Ұнтақталған жаңғақ;

Сүзгі қағазы;

Химиялық қасық;

Петри табақшасы;

Тапсырма: Жаңғақ құрамында май бар екенін анықтаңыз, не байқадыңыз?

4-: Қажетті құрал-жабдықтар:

Ұн;

Сынауық;


Таза бензин;

Сүзгіш қағаз;

Тамшуыр;

Тапсырма: Тамақ өнімдерінен майды бөліңіз, не байқадыңыз?

Тапсырма 3. Жеке жұмыс.



B.

Дескриптор

Білім алушы - крахмалдың биологиялық маңызы мен қызметін сипаттайды;
 - гликогеннің биологиялық маңызы мен қызметін сипаттайды.

Тапсырма 4

Майларға анықтама беріңіз.



Сипаттама

(a) Суреттерге назар аударыңыз (аю, бал ара), липидтердің қандай түрлері айтылғандығын түсіндіріңіз.

A.

B.

(b) Биологиялық маңызын сипаттаңыз.

A.

B.

Дескрипторлар

Білім алушы - майларға анықтама береді;
 - липидтің А түрін анықтайды;
 - липидтің В түрін атайды;

	- А және В липидтердің биологиялық маңызын сипаттайды.					
Сабақтың соңы 8мин	Бекіту «Бинго»					Үлестірме карточкалар.
	Адам қанында	Шаян, өрмекші дегі көмірсу..	Дисахарид.....	Сахароза	Полисахар	
	Үш атомды спирт	Жәй көмірсу	5-15% болады..... ..	Энергия қоры..... ..	Бауыр, бұлшықет е бар	
	Ігр майыдыраса.... ..	Фосфолипидтер	Ігр көмірсу тотықса..... ..	Су және энергия қоры..... ..	Балауыз	
	Бактериядан қорғайды... ..	Ара мен жабайы арада	Крахмал..... ..	Сүт қанты	Липидтер	
<i>Кері байланыс: Жазбаша</i>						
Саралау – Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?		Бағалау – Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?		Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау		
<p><i>Саралау: Оқушылардың тақырыпты теориялық тұрғыда жеңіл меңгеруі үшін және негізгі ойды толық түсінуін қолдау мақсатында мына тәсілдерді пайдаландым:</i></p> <p><i>1.Бейнебаян көру , оқулықпен жұмыстану арқылы «Дереккөздер» арқылы сараладым.</i></p> <p><i>2. Веен диаграммасы, бинго әдісі арқылы қарқындылын сараладым.</i></p> <p><i>3. «1минуттық әңгіме» арқылы әңгіме-диалогқа түседі.</i></p>		<p><i>Сабақ өң бойында оқушыларды алға жетелеу мақсатымда, мадақтап, қолдап отырдым. Оларды дескриптор бойынша, смайликтер, «толық ай, жарты ай, жаңа ай», от шашу әдістерін пайдаландым.</i></p>				

Сабақ бойынша рефлексия

Сабақ мақсаттары немесе оқу мақсаттары шынайы, қолжетімді болды ма?
 Барлық оқушылар оқу мақсатына қол жеткізді ме? Егер оқушылар оқу мақсатына жетпеген болса, неліктен деп ойлайсыз? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?
 Сабақ кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан ауытқулар болды ма және неліктен?

Жалпы бағалау

Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)?

1:

2:

Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді (оқыту мен оқуға қатысты)?

1:


2:

Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет?

2) Нұр-Сұлтан қаласындағы №70 мектеп-лицейінің биология пәні мұғалімі Сағатбекова Серіккайша Кабылгазиновнаның іс-тәжірибесінен, қысқа мерзімді жоспары:

Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы	Мектеп: №70 мектеп-лицейі
Күні	Мұғалімнің аты-жөні: Сағатбекова Серіккайша Кабылгазиновна
Сынып	Қатысқандар Қатыспағандар
Сабақ тақырыбы	Дезоксирибонуклеин қышқылы құрылысы. Дезоксирибонуклеин қышқылы құрылымы (бірінші және екінші реттік). Дезоксирибонуклеин қышқылы молекуласының қызметі
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	10.4.1.8 - дезоксирибонуклеин қышқылы құрылымы мен қызметі арасындағы байланысты орнату
Сабақтың мақсаты	<ul style="list-style-type: none"> - Дезоксирибонуклеин қышқылының құрылымдық қағидалары негізінде дезоксирибозануклеин қышқылының құрылымын түсіндіреді - Дезоксирибозануклеин қышқылының молекуласын модельдей отырып, азотты негіздердің пайыздық мөлшерлеріне есептеулер жүргізеді. - Тұқымқуалаушылық ақпарат тасымалдаушысы ДНҚ екендігіне көз жеткізе отырып, комплементарлық принципін эволюциялық мәнін бағалайды.
Бағалау критерийі	<ul style="list-style-type: none"> - Дезоксирибозануклеин қышқылының құрылымын түсіне отырып, азотты негіздердің топтарымен танысып, сипаттайды. - Дезоксирибозануклеин қышқылының молекуласын модельдеу арқылы нуклеотидтердің комплементарлық ережеге сай орналасу реттілігін біліп, нуклеотидтердің мөлшерін

	есептейді. - ДНҚ арқылы тұқымқуалайтын белгілердің эволюциялық мәнін бағалайды.	
Тілдік мақсаттар	<p>Пәнге қатысты лексикология мен терминология: нуклеотид, азотты негіз, пуриндік негіз, пиримидиндік негіз, хромосома, хромотин, гистон, комплементарлық ереже, аденин, гуанин, цитозин, тимин.</p> <p>Пәндік диалог -Нуклеин қышқылдарының мономері..... -Азотты негіздерге жатады..... -Азотты негіздердің жіктелуі.... -ДНҚ-дан тұратын тығыз шиыршықты денешік... -Адениннің санының тиминге, гуанин санының цитозинге сәйкес келуі....</p> <p>Нуклеотид/nucleotide/нуклеотид, азотты негіз/азотистая основа/nitrogen base, пуриндік негіз/пуриновая основа/acrylic base, пиримидиндік негіз/пиримидиновая основа/pyrimidine base, хромосома/хромосома/chromosome, хромотин/хромотин/chromotin, гистон/гистон/histone, комплементарлық ереже/правила комплементарность/rules of complementarity, аденин/аденин/adenine, гуанин/гуанин/guanine, цитозин/цитозин/cytosine, тимин/тимин/thymine.</p>	
Құндылықтарға баулу	Индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсу. ДНҚ арқылы тұқымқуалайтын ерекше белгілерді инновация негіздерінде пайдалану.	
Пәнаралық байланыс	Генетика, медицина, экология	
Алдыңғы білім	<p>7.2.4.4 Хромосомадағы генетикалық ақпарат дезоксирибозануклеин қышқылы рөлін түсіндіру</p> <p>7.2.2.1 Әртүрлі ағзалардағы хромосомалардың саныны салыстыру</p> <p>7.2.2.2 Соматикалық және жыныс хромосомаларындағы хромосомалар санының әртүрлілігін түсіндіру</p> <p>8.4.1.3 Нәруыздардың қасиеттері мен биологиялық қызметтерін сипаттау</p> <p>8.2.4.1 Тұқымқуалаушылық пен өзгергіштіктің эволюциядағы рөлін дәйектеу</p> <p>9.4.1.2 -Дезоксирибонуклеин қышқылы молекуласының қос оралымды құрылымын сипаттау;</p> <p>9.4.1.3 -Дезоксирибонуклеин қышқылын құрылымдық қағидалары негізінде үлгілеу</p>	
Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақ басы 5-7 минут	Жағымды психологиялық ахуал туғызу. Әдісі: «Сегіз керемет»	

	<p>Күннің шыққаны керемет!!! (күнді бейнелеу, қолды шапалақтау). Желдің соққаны керемет!!! (желдің бағытымен қолды қозғалту, қолды шапалақтау). Достармен бірге жүрген керемет!!! (аяқпен қадам жасау, қолды шапалақтау). Аңанды құшақтаған керемет!!! (өзін құшақтайды, қолды шапалақтау). Туған жердің төсінде ауасымен демалған керемет!!! (қолды кең жаяды, қолды шапалақтау). Өз үйінде өмір сүрген керемет!!! (үйді қолмен бейнелейді, қолды шапалақтау). Билеп, дөңгеленген керемет!!! (айналады, қолды шапалақтау). Қазақстандық болғаным керемет!!! (бас бармағын көрсетеді, қолды шапалақтау). Сыныпты шағын топтарға топтастыру. «Іс сапар» әдісі. Әр топ мүшелері орындықтарының артында жабық күйде жабыстырылған қағаз қиындыларындағы А, Т, Г, Ц әріптері бойынша өз тобынан (жұмыс орындарынан) басқа топқа барады. Алған әріптерін аяқтап жазады. Мысалы, А әріпін Аденин деп аяқтайды. I топ: Аденин II топ: Тимин III топ: Гуанин IV топ: Цитозин Алдыңғы білімді еске түсіру. «Бір минут» әдісі, жеке жұмыс Оқушылар кезек бойынша бір минут ішінде алдыңғы білім (жасуша) туралы тоқтаусыз, қайталаусыз, және қатесіз сөйлейді. Қ.Б.«Үш шапалақ» әдісі арқылы оқушылар бір-бірін бағалайды</p>	<p>Қағаз қиындылары</p> 								
<p>Сабақ ортасы 28-30 минут</p>	<p>Тапсырма 1. «Борт журналы» әдісі, топтық жұмыс <u>Twig-bilim.kz</u> фильмін көре отырып, келесі мазмұнды кестені толтырады және оқулық мәтінімен салыстырады.</p> <table border="1" data-bbox="459 1659 1110 1879"> <thead> <tr> <th>Берілген тақырып бойынша бұрыннан білетінім</th> <th>Мәтінді оқып жаңадан білгенім</th> <th>Болжамдар</th> <th>Тың ақпарат</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td> </td> <td> </td> <td> </td> <td> </td> </tr> </tbody> </table> <p>Дескриптор: Нуклеотидтердің құрам бөліктерін ажыратады; Терминдерге анықтама береді; Аденин, тимин, гуанин, цитозин азотты негіздердің топтарын сипаттайды.</p>	Берілген тақырып бойынша бұрыннан білетінім	Мәтінді оқып жаңадан білгенім	Болжамдар	Тың ақпарат					<p>Оқулық, түрлі-түсті маркерлер. Сызғыш, қалам. Қосымша1. https://twig-bilim.kz/kz/film/fact-pack-dna</p>
Берілген тақырып бойынша бұрыннан білетінім	Мәтінді оқып жаңадан білгенім	Болжамдар	Тың ақпарат							

Қ.Б.: «Бутерброд» әдісі арқылы топтар бірін-бірі бағалайды.

Кері байланыс: «Мен саған, сен маған...»
Сұрақ қояды, қойылған сұраққа жауап берген оқушы, қарама-қарсы өзі сұрақ қояды (Сұрақ термин сөздер бойынша қойылады және үштілдік аудармасы жасалады).


Тапсырма 2.

«Ойлан, жұптас, бөліс» жұптық жұмыс
Әрбір жұпқа берілген тапсырма бойынша жұмыс жасайды.

I жұпқа

1) А суретінің сызбасын аяқтау

А суреті




2) ДНҚ-ның бір тізбегі: АГГГЦТТААГ 2-ші тізбегін жасау

II жұпқа

1) В суретінің сызбасын аяқтау

2) А, Ц, Т, Г, Г тізбектерінің мөлшері беріліп, екінші тізбектің мөлшерін анықтайды.

В суреті



А - 25%,

Ц - 30%,

Т - 15%,

Г - 18%,

Г - 22%

Дескриптор:

- Аденин, тимин,

гуанин, цитозин нуклеотидтерінің орналасу реттілігін жасайды.

Нуклеотидтердің мөлшерін есептейді.

Қ.Б. «Қолыңды төмен ұста» оқушылар бір-бірін бағалайды, дұрыс жауапқа «Жарайсың!» сөзі айтылады.

Кері байланыс: «Мүмкін»

Тапсырма 3.

«5-5-1» әдісі, жеке жұмыс

Жаңа материалдағы білімді түсінгенін анықтау үшін BilimLend ресурстары бойынша видео көрсетілім жасалады.

Оқушылар сабақ кезінде нені меңгергендері жайлы видеодан көргендерімен байланыстыра отырып, 5 сөйлем айтады. Одан кейін сол 5 сөйлемді 5 сөзге дейін қысқартады. Соңында 5 сөзді 1 сөзге қысқартады. Оқушылар өздерінің түйінді сөзін бүкіл сыныппен бөліседі.

Модель құрастыру

Соңында бір сұрақ қойылады. Қойылатын сұрақ оқушы жауабына байланысты болады.
-ДНҚ молекуласының тұқымқуалаудағы эволюциялық рөлі қандай?

Ол сұраққа бір сөйлеммен жауап береді.

Дескриптор:

- Видео көрсетілімнен ДНҚ құрылымын сипаттайды.

- ДНҚ құрылымының байланысын айтады.

Қ.Б. «Оқушы өз-өзін бағалау бойынша күнделік»

Кері байланыс:

ДНҚ құрылысында қандай ерекшеліктер болды?

Тапсырма 4.

«Микс» әдісі, жеке жұмыс

Берілген конверттерден азотты негіздердің байланысына сәйкес келетін конвертті таңдап алып, ішінен тапсырма жазылған бір парақшаны алып және парақшада берілген тапсырманы мәтін мазмұнына сүйене отырып орындау.

А тапсырмасы

«Сәйкестендіру кестесі»

№	Анықтамалар	сөзде
1	Нуклеин қышқылдарының мономері	30%
2	Адениндік нуклеотидтің мөлшері 30% болғанда гуаниндік нуклеотидтің мөлшері	компл ентар. к
3	Цитозиндік нуклеотидтің мөлшері 20% болғанда тиминдік нуклеотидтің мөлшері	2 нм
4	Адениннің санының тимин санына сәйкес келуі	5100 н
5	Нуклеотидтердің арақашықтығы	4 млн
6	ДНҚ-ның шиыршық ені	0,34 н
7	Вирустардағы нуклеотидтер саны	нукле ид
8	Бактериялардағы нуклеотидтер саны	20%

Дескриптор:

Сәйкестендіру кестесін толтырады
Тимин мен гуаниннің мөлшерін есептейді.

В тапсырмасы

«Сызба нұсқалау»

ДНҚ-ның химиялық құрам бөліктері мен хромосоманың сызба нұсқасын жасау.

Дескриптор:

ДНҚ-ның химиялық құрамбөліктерінің

АКТ BilimLend

ресурсы

<https://bilimland.kz/>

[kk/courses/biologiya](https://bilimland.kz/kk/courses/biologiya)

[-kk/zhasusha-](https://bilimland.kz/kk/courses/biologiya)

[ahzalardyng-](https://bilimland.kz/kk/courses/biologiya)

[tirshilik-](https://bilimland.kz/kk/courses/biologiya)

[birligi/tuqym-](https://bilimland.kz/kk/courses/biologiya)

[qualau-aqparattary-](https://bilimland.kz/kk/courses/biologiya)

[zhane-onyng-](https://bilimland.kz/kk/courses/biologiya)

[zhasushada-zhuzege-](https://bilimland.kz/kk/courses/biologiya)

[asuy/lesson/dnq-](https://bilimland.kz/kk/courses/biologiya)

[aquydzardy-](https://bilimland.kz/kk/courses/biologiya)

[sintezdeuge-](https://bilimland.kz/kk/courses/biologiya)

[arnalhan-matricza](https://bilimland.kz/kk/courses/biologiya)

А конверті,

Г конверті,

Ц конверті

	<p>сызбасын жасайды. Сызба нұсқаны түсіндіреді. С тапсырмасы «Сұрақтар қойылымы» Хромосомалары нуклеопротеидтерден емес, тек ДНҚ-дан тұратын ағза бола ма? Талқылып, дәлелдеңдер Дескриптор: Тек қана ДНҚ-дан тұратын ағзаға мысал келтіреді. Нуклеопротеидтер болмайтын ағзалардың тұқымқуалауын қасиетін талқылайды. ҚБ: «Жетон» әдісі Мұғалім оқушыларды жасыл – «толық», қызыл-«толықтыру қажет», сары – «ойлан» түсті жетондар беру арқылы бағалайды. Кері байланыс: «Kahoot» әдісі</p>	<p>Интербелсенді тақтадан «Kahoot» тапсырмаларын алдын ала дайындап қою</p>
<p>Сабақ соңы 5 минут</p>	<p>Рефлексия Активатор 3-2-1 3 нәрсені білдім. 1- 2- 3- 2 нәрсені түсіндім. 1- 2- 1 нәрсені қолдануға дайынмын. 1- Үйге тапсырма: ДНҚ маңызы туралы 3 минуттық эссе жазу</p>	

Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасын жүзеге асырудағы негізгі мақсаттардың бірі оқу жетістіктерінің деңгейін көтеру болып табылады. Бұл үшін білім берумен қатар оқу жетістіктерін бағалаудың тиімді жүйесі енгізілді. Сондықтан жаңартылған білім мазмұнын енгізгенде бағалау жүйесін өзгертуге басты назар аударылды. Соның нәтижесінде білім сапасын көтеруге, білім алушылардың өздеріне деген сенімділігін арттыруға, үздік нәтижеге жету үшін не істеу керектігін ойлауға жетелейтін, оқу жетістіктерінің деңгейін анықтаудың дәл көрсеткіші – критериалды бағалау жүйесі енгізілді.

Бағалау жүйесі – мектептің білімділік кеңістігіндегі басты кіріктіру факторы, оқытудағы мәселелерді диагностикалаудың және кері байланысты орнатудың негізгі құралы.

Бағалау жүйесі дегенде мұғалім, оқушы және ата-аналар арасында білімділік үдерісінің табыстылығы жөніндегі бақылау-диагностикалық байланыстарды іске асырудың, сонымен бірге оқушылардың өздігінен анықтауды іске асыруының механизмін түсінеміз.

Бағалау жүйесіне қойылатын талаптар – қайсыбір оқу материалының қаншалықты табысты меңгерілгенін, қайсыбір тәжірибелік дағдының қалыптасуын анықтау мүмкіндігін, яғни оқушылардың жеткен деңгейін әлдебір

оқу курсының негізіне салынған талаптардың белгілі минимумымен салыстырып тексеру.

Бағалау мақсаты – ең алдымен, оқушының дамуын және оның танымдық мотивациясын қолдау. Танымдық қызмет нәтижелерін бағалауда негізгі мектепке арналған оқытудың мемлекеттік бағдарламасының жалпы бөлімінде белгіленген ережелерді басшылыққа алады. Білімдер мен біліктердің танымдық қызметтің мақсатты нәтижелеріне сәйкестігі бағаланады: білім мен ұғыну (мысалдар келтіру, сипаттау, баяндау), тәжірибедегі қолданыс пен талдама біліктері (тәжірибелерді өткізу, қасиеттерін анықтау, өлшеу, ажырату, топтастыру, байланыстыру, нәтижелерін шығару, таңдау, шешім қабылдау)[20].

Критериалды бағалау – алдын ала белгілі критерийлерге сәйкес, оқушының жеке оқуын түзетуге мүмкіндік беретін, оқу мақсаттарына сәйкес күтілетін нәтижеге жетуде оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау. Критериалды бағалау кезінде оқушылар өздерін басқа оқушылармен салыстырмайды.

Критериалды бағалаудың басты ерекшелігі: алдын-ала ұсынылған бағалау шкаласы; анық, айқындылығы; бағаның әділдігі; өзін бағалауға мүмкіндіктің берілуі.

Критериалды бағалау:

Мұғалім үшін оқытудың келесі деңгейін жоспарлау үшін тексеру жұмыстарының нәтижесін қолданады; оқушыға білімін арттыру үшін пайдалы кеңестер береді, жұмыс нәтижесі бойынша әр оқушыға жеке - жеке мақсаттар қояды.

Оқушы үшін өз қатесі негізінде үйренуге көмектеседі, маңыздыны түсінуге көмектеседі, қолынан не келетінін түсінеді, білмейтін тұстарын анықтайды, нені істей алмайтынын түсінеді.

Критериалды бағалаудың ата - ана үшін тиімділігі баласының білім сапасымен, жетістіктерімен танысуға және оқуына қолдау көрсету үшін не істеу керектігін ойлауға мүмкіндік туғызады.

Бағалау екі негізгі тәсілмен жүзеге асырылады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау.

Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу процесінде жүргізіледі және оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді. Бұл бағалау түрі оқуды баға қоймай-ақ реттеуге мүмкіндік береді. Қалыптастырушы бағалау білім алушыға нақты тапсырманы немесе сабақтағы іс-әрекетті орындау кезінде беретін кері байланысқа негізделген.

Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмаларды дайындағанда мұғалім ең алдымен оқу мақсатына қарайды. Оқу мақсаттары ойлау дағдыларының таксономиясына сәйкес құрылған: білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау.

Осы мақсаттарға негіздеп мұғалім тапсырмалар құрады. Тапсырмаларға критерийлер мен оқу мақсатына қарай дескриптор құрастырады. Осы дескрипторлар арқылы оқушылар өздерін-өздері, бірін-бірі бағалай алады.

Бағалау критерийі – білім алушының оқу жетістіктерін бағалауға негіз болатын белгі.

Дескриптор – тапсырмаларды орындау кезіндегі әрекетті көрсететін сипаттама.

Модерация – бағалаудың анықтығы мен дәлдігін қамтамасыз ету үшін қойылған балдарды стандарттау мақсатында тоқсандық жиынтық бағалау бойынша білім алушылардың жұмыстарын талқылап қарастыратын үдеріс [21].

Дескрипторлар бойынша ата-анаға баланың оқу жетістігі туралы ақпарат беру үшін рубрикалар құрылады. Рубрика – бағалау критерийлеріне сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктері деңгейлерін сипаттау тәсілі. Осылайша ата-ана мен мұғалім арасында байланыс орнайды.

Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмаға үлгі кесте ұсынылады.

11-кесте. Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырма үлгісі.

Бөлім Тақырып	
Оқу мақсаты	
Ойлау дағдыларының деңгейлері	
Бағалау критерийлері	
Тапсырма	
Бағалау критерийлері	Дескриптор

Қалыптастырушы бағалау үшін төмендегідей тапсырмаларды беруге болады:

1-сұрақ

«Гендік тұрғыда өзгеріске ұшыраған өнімдер» деген не?

- A. Гендік модификацияланған өнімдер
- B. Суперөнім
- C. Болашақтың өнімдері
- D. Фантастикалық өнімділік
- E. Жасанды өнім

Таңдаған жауабыңызды негіздеңіз.

2-сұрақ.

Мәтіндегі гендік инженерлік арқылы өсірілетін өсімдіктерді тізімін жасандар.

3-сұрақ.

Гендік тұрғыда өзгеріске ұшыраған өнімдерді өндірудің қажеттігін жақтаушыларға арналған 1 сұрақ және қарсы болушыларға арналған 1 сұрақ құрастыр.

Бағалау критерийлері: гендік модификацияланған ағзаларды қолданудың тиімді және зиянды жақтарын талдайды.

Дескрипторлар:

- мәтіндегі сөздің мағынасын түсінеді, сұрақтың мәнін түсінеді;
- мәтіннен қажетті ақпаратты іздеп тауып алады, мәтінде кездескен өнімдердің барлық түрін көрсетіп тізім жасайды;
- берілген ақпаратқа талдау жасайды;
- өз көзқарасын дәлелді бере алады;
- сұрақты нақты дәлелді қоя алады.

Қалыптастырушы бағалаудың бірнеше түрі қолданылады. Мұғалім шеберлігіне қарай және сабақ мақсатына қарай бағалау құралдарын түрлендіріп қолданады.

Қалыптастырушы бағалау түрлері:

Графикалық органиайзерлер

Оқушыларға өзін өзі бағалауда көмек көрсету үшін графикалық органиайзерлерді қолдануға болады.

Графикалық органиайзерлер-бұл білімді құру мен ақпаратты ұйымдастырудың бейнелеу тәсілі.

Графикалық органиайзерлердің көптеген түрлері бар:

Семантикалық анализ

Белгілердің семантикалық талдауының диаграммалары заттар, адамдар, оқиғалар және т.б. тобының ұқсастығы мен айырмашылықтарын зерттеу үшін пайдаланылады.

Белгілердің семантикалық талдау диаграммасы элементтің әрбір сипаттамасы бар немесе жоқ екенін көрсетеді. Әдетте плюс (+) немесе минус (-) белгі қолданылады, бірақ қарапайым бағалау жүйесі (1,2,3) қолданылуы мүмкін. Мысалы, белгілердің семантикалық талдау диаграммасы әр түрлі. Бұл диаграмма түрі өсімдік және жануарлар жасушаларының негізгі ерекшеліктерін салыстыру үшін пайдаланылуы мүмкін.

	1	2
A	+	-
B	-	+

KWHL әдісі

Егер есеп оқушының не білетін және тақырып туралы не білгісі келетінін талдауды және жүйелеуді қамтыса, KWHL диаграммасын пайдалану ұсынылады. K (know) пән туралы білетінін білдіреді. W (what) дегеніміз, не білгіңіз келеді? H (How) осы тақырып туралы қалай көбірек білуге болатынын білдіреді. L (Learning) оқу арқылы білетін нәрсе. Мысал: KWHL диаграммасын тақырыпты оқу кезінде және кейін толтыруға болады

К	W	Н	L

Диаграмма ағашы


Бұл әдіс элементтердің бір-бірімен байланысты екенін көрсететін графикалық органайзер. Ағаштың дінгегі негізгі тақырыпты, ал бұтақтары-релевантты фактілер, факторлар, әсер ету, сипатының белгілері, адамдар немесе нәтижелер.

Мысалы, 10-сыныптағы «Молекулалық биология және биохимия» бөліміндегі «Көмірсуларды жіктеу: моносахаридтер, дисахаридтер, полисахаридтер. Химиялық құрылымы. Көмірсулардың қасиеті және қызметтері» тақырыбын өткенде осы әдісті қолдануға болады.

Оқу мақсаты: көмірсуларды құрылымы, құрамы және қызметтері бойынша жіктеу.

Жіктеу бойынша диаграмма ағашы нағыз ұтымды әдіс болып табылады.

Төменде 8-суретте диаграмма ағашы үлгісі берілді.



8-сурет. Диаграмма ағашы үлгісі

Қалыптастырушы бағалау оқушыларға өздерінің іс-әрекеттерін бақылауға және бағалауға, қиындықтар туындаған себептерді анықтауға және жоюға мүмкіндік береді.

Оқу процесі функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға және оқушылар арасында кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

Оқу процесі дәстүрлі оқытудан алшақтауды көздейді және күтілетін нәтижелерге негізделген «білу», «түсіну», «қолдану», «талдау», «синтездеу», «бағалау» деген ойлау дағдыларымен анықталған оқу бағытын көрсетеді.

Блум таксономиясына негізделген ойлау деңгейлерінің дағдыларына мысал кестеде ұсынылады.

12-кесте. Блум таксономиясына негізделген ойлау деңгейлері үлгісі

Білу	Түсіну	Қолдану	Талдау	Жинақтау	Бағалау
... негізгі бөліктерін атаңыз	... себебін түсіндіріңіз	... ақпаратты график түрінде бейнелеңіз	... ерекшелігін ашып көрсетіңіз	... жаңа нұсқасын ұсыныңыз	... саралаңыз және дәлелденіз
.... барлығын бірге топтастырыңыз	... үшін қажетті қадамдардың жалпы сипатын бейнелеп көрсетіңіз	... мүмкіндік беретін тәсілді ұсыныңыз	... өз көзқарасыңызбен тұрғысынан талдаңыз	... мүмкіндік беретін жоспар құрастырыңыз	... үшін қай шешім ұтымды екенін анықтаңыз
... қатысты түсініктердің тізімін жасаңыз	Өз ойыңызша ... арасындағы байланысты көрсетіңіз	... көрсетілгендей суреттің (кестенің) нұсқасын жасаңыз	... тұрғысынан ... сипаттайтын негізгі қасиеттердің тізімін жасаңыз	... мүмкіндік беретін ерекше тәсілді табыңыз	... үшін ... маңыздылығын бағалаңыз

Қалыптастырушы бағалаудың келесі бір әдістері бақылау, тест, үш минуттық эссе жазғызуға және жеке тапсырмалар беруге байланысты болып келеді. Бұл жұмыстың мақсаты оқушылардың белгілі бір тақырып төңірегіндегі білім деңгейін тереңдете түсу.

Ұстаз оқушыларға «Үш минуттық эссе» жазуларын ұсынады. Ұстаз төмендегі берілген тақырып бойынша сұрақтардың бірін жазып немесе оқып береді.

(1) Сіздіңше бүгінгі оқып білгеніңіздің ішіндегі сіз үшін ең маңыздысы не болды?

(2) Қай сұрақ есіңізде қалды?

(3) Сіз үшін қиындық тудырған сұрақ?

Элективтік тест

Мұғалім әрбір оқушыға «А,В,С, Д» әріптері бар карточкаларды таратып шығады да олардан дұрыс жауаптарын карточкаларын көтерулері арқылы білдірсін дейді. Оқушыларға ойлануға 20 секунд беруі қажет. Қатысушылармен жауаптардың әр түрлі нұсқаларын талқылап, оларға өздерінің таңдауларын

түсіндіріп берулерін ұсынады. Олардың жауаптары оқушылардың оқытылған тақырыптың түсінгендіктері және деңгейлерін байқатады. Соған орай мұғалім тақырыпты тағы бір түсіндіру керек пе, әлде жалғастыра беру керек па соны анықтайды.

«Box of questions» арқылы өзін-өзі бағалау

Мұғалім «Сипаттау», «Түсіндіру», «Талдау», «Бағалау» деген төрт терезеден тұратын кесте құрады. Жаңа материалды түсіндіріп болған соң ол оқушылардан берілген шаршылардың бірін таңдауларын ұсынады. Бұл арада мұғалім әрбір оқушыға бұл әдіс арқылы өтілген тақырып бойынша өздеріне өздері тапсырма алып, орындайтындығын түсіндіріп өтуі қажет. Сонан соң олардың шаршыларды таңдауларына қарай мұғалім сұрақтар қояды.

Мысалы: Егер оқушы «Түсіндіру» деген шаршыны таңдаса, мұғалім оған «Жаңа материалдағы негізгі идеяларды атап шық» деген тапсырма береді.

Сабәқ соңында міндетті түрде оқушылармен кері байланыс орнату керек. Кері байланыс мұғалімге оқыту процесі қалай жүретіндігі және оқушының табыстары мен кемшіліктері туралы мәлімет береді. Кері байланыс өзара сыйластық пен тілектестіктің атмосферасында өтуі қажет және оқушыға дұрыс жауап қайыруға немесе қателерді жөндеуге уақыт берілуі керек.

Әр пәннің өз тілдік стилі бар, оны нақты бір пәннің «ғылыми тілі» деп атауға болады. Ғылыми тіл – пәннің мазмұнын оқып үйрену және ойлау мен пәндік мазмұнның негізгі ұғымдарымен жұмыс істеу қабілетін жақсарту үшін қолданылатын негізгі құрал. Тапсырмалар бергенде тіл арқылы оқуға берілетін шектеулі уақытты тиімді және нәтижелі қолдану керек.

Тілдік мақсаттар ғылыми тілді үйрену үшін маңызды құрал болып табылады. Оқушылардың өздерінен не күтілетіндігін түсінуі тілдік мақсаттардың анық құрылуына тікелей байланысты. Сондай-ақ, тілдік мақсаттар оқытушылар мен оқушыларға оқуға деген ынтаны қалыптастыруға, өлшеуге және қолдауға көмектеседі. Пәндік мазмұнды оқытуға, әрі ғылыми тілді үйретуге тұрақты екі бағытты ұстанатын пән мұғалімдері оқушыларға үлгі көрсетіп, пән мен тілді қатар алып жүруге көмектеседі.

Ғылыми тілді оқып үйренуді қолдау үшін оқытушыларға оқу жоспарларына мынадай тілдік мақсаттарды қосу ұсынылады:

- оқушылардың назарын ғылыми тілге аудару (мысалы, пән бойынша оқу мақсаттарына жету үшін қажетті терминология мен тіркестері бар лексика);
- Пән мазмұнының ұғымдарын қолдануға қажетті жұмыс тілін қалыптастыру (мысалы, топтық жұмыстар, сұрақты дұрыс қоя білу, жағдайды талдау және пікірталас жүргізу үшін қажетті тіркестері);
- лексиканы, оның ішінде терминология мен тіркестерді орынды пайдалану үшін оларды алдын ала оқыту кезеңінде тиімді қолдану[5].

Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар құрастырғанда осы тілдік мақсатты, яғни оқу, жазу сауаттылығына да аса көңіл бөлу ұсынылады.

Мысалы, оқу сауаттылығына арналған тапсырмалар үлгісі:

Ұрықтану

Ұрықтану дегеніміз - гаплоидті хромосома жиынтықтары бар аналық пен аталық ядроларының қосылуы. Ұрықтанған жасушаны зигота дейді. Ұрықтанудың барысында әр түрге тән хромосомалардың диплоидті жиынтығы қалпына келеді.

Ұрықтанған екі жыныс жасушаларынан біржасушалы ұрық –зигота пайда болады. Зигота жатыр түтігі арқылы жатырға өтіп, бөліне бастайды. Жасушалардың хромосомаларында өзгерістер болады. Адамның дене жасушаларында хромосома саны тұрақты 46 болатыны мәлім. Жетілген жыныс жасушаларында – 23. Ұрықтанғаннан соң аталық және аналық жыныс жасушаларының хромосомалары жұптасып саны 46-ға жетеді.

1

Ұрықтанған жасуша

- A) циста
- B) зигота
- C) гамета
- D) ген
- E) хромосома

Жауабы – B

2

Адамның дене жасушаларында хромосома саны

- A) 23
- B) 22
- C) 21
- D) 48
- E) 46

Жауабы - E

Деңгейі - A

3

Гаметалардағы хромосомалар саны

- A) 23
- B) 22
- C) 21
- D) 48
- E) 46

Жауабы - A

Деңгейі - A

Қалыптастырушы бағалау оқушылардың табыстары мен кемшіліктері туралы ақпаратты алған кезде кері байланыс функциясын орындайды. Сонымен қатар аралық жұмыстың ең қанағаттанарлықсыз нәтижелерінің өзі оқушының өз нәтижелерін жақсарту бойынша ұсыныстар ретінде қабылданады.

Сабақтың әр кезеңінде мұғалім оқушыларға кері байланыс жасауға мүмкіндік беру керек. Кері байланыс ауызша немесе жазбаша болуы да мүмкін.

Кері байланыс барысында мұғалімдерге:

- оқушының тек қана жақсы жақтары мен жетістіктерін айтуы;
- «сенікі дұрыс емес», «білмейсің», «деңгейің төмен» деген сөздерді айтпау;
- оқуды әрі қарай жетілдіру немесе жолдарына бағыт беруі ұсынылады.

Кері байланыс беру кезінде мұғалім де, білім алушы да 13-кестеде ұсынылған сұрақтарды негізге алғаны дұрыс. Аталған сұрақтарға толық жауап беру кері байланыстың тиімділігін көрсетеді.

13-кесте. Кері байланыстың тиімділігін тексеру сұрақтары

Мұғалім	Оқушы
Білім алушы оқытудың қай сатысында? Олар білім алуда неге талпынады? Бұған жетуге көмектесу үшін не істеу керек?	Мен оқытудың қай сатысында тұрмын? Нәтижеге қалай қол жеткіземін? Кемшіліктерімді жою үшін не істеуім қажет?

Жиынтық бағалау мұғалімдер мен оқушыларға бөлімдерді аяқтаған кезде және тоқсан соңында баллдар мен бағалар қоюмен жүргізіледі. Жиынтық бағалау арнайы жасалған спецификация бойынша жүргізіледі.

Тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясы – тоқсандық жиынтық бағалаудың мазмұны мен құрылымын құрастыруға және оны өткізуге қойылатын талаптар.

Тоқсандық жиынтық бағалау тоқсандық жиынтық бағалау спецификациясына сәйкес құрастырылады. Жиынтық жұмыс тапсырмаларына сәйкес баллдар қойылатын балл қою кестесі құрастырылады.

Тоқсандық бағалауға арналған жиынтық бағалаудың сипаттамасы - жиынтық тоқсан баға шығару үшін жүргізетін жиынтық бағалауға қойылатын талаптар болып табылады.

Балл қою схемасы - тоқсанға арналған жиынтық бағалау тапсырмаларын белгілеу үшін бірыңғай стандарттарды құру үшін мұғалімдер пайдаланатын схема. Жиынтық бағалаудың нәтижелеріне пән бірлестігі мүшелері талдау жүргізеді. Аталған талдау білім алушыларға кері байланыс беруге, сыныптың оқу жетістігі деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау үдерісінде оқудағы кемшіліктерді айқындау үшін білім алушының нақты неден қиналатынын анықтау ғана маңызды емес, сондай-ақ, қалай, неге туындағанын анықтау да маңызды. Бөлім бойынша жиынтық жұмыс қорытындысы негізінде білім алушының жеткен оқу жетістігі деңгейі тапсырманы орындау пайызына сәйкес анықталады [6].

Жиынтық бағалау алынып болғаннан кейін оның нәтижелерін талдау үшін модерация жүргізіледі. Модерация биология пәні мұғалімдерінің жиналып, балл қою кестесі бойынша алдын ала талқыланады. Сосын жиынтық бағалау рәсімі дұрыс ұйымдастырылдыма, оқушының жұмысы әділ

бағаландыма, оқушы тарапынан немесе пән мұғалімдері арасында қандай да бір келіспеушіліктер барма деген сұрақтармен жұмыс жасау қажет. Модерациядан кейін мұғалімдер балға өзгеріс енгіземе, енгізбейме бірауыздан шешім қабылдайды да, хаттама толтырады.

10-сыныпта өткізілетін жиынтық бағалау саны 14-кестеде ұсынылады.

14-кесте. 10-сыныпта өткізілетін жиынтық бағалау саны

сынып	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
10 ЖМБ	2	3	3	3
10 ҚГМ	2	3	3	3

Бағалау жүргізгеннен кейін рубрика жасалады.

Рубрика – бағалау критерийлеріне сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктері деңгейлерін сипаттау тәсілі.

Рубрика баланың не үшін үйренетінін көрсетеді, критерийлер оның не үшін үйренгенін көрсетеді, ал дескрипторлар оны қалай жасай алатынын көрсетеді.

Зертханалық жұмыстарға да рубрикатор жасаған дұрыс. Оқушы өзінің нені дамыту керек екенін түсінеді.

15-кесте. Зертханалық жұмыстарға да рубрикатор

Бағалау критерийлері	Дескрипторлар			
<i>теориялық білімін пайдаланады</i>	Тақырыпты терең түсінгенін көрсетеді (тек қана оқулықтағы материалға емес, басқа да ақпарат көздеріне сүйенеді)	Тақырыпты жақсы түсінгенін көрсетеді (тек қана оқулықтағы материалға сүйенеді)	Тақырыпты ішінара түсінгенін көрсетеді (оқулықтағы материал толық игерілмеген)	тақырыпты түсінбеген (кейбір түсініктер ғана бар)
<i>Материалды мазмұндау логикасы</i>	Өз ойын логикалық тұрғыда жүйелі, анық, ашық айта алады	Өз ойын логикалық тұрғыда жүйелі айта алады, бірақ ашық айта алмайды	логикалық ойлай алады, бірақ жүйелі емес	Өз ойын логикалық тұрғыда жүйелей алмайды

Әрі қарай мектеп мұғалімдерінің іс-тәжірибелерінен жиынтық бағалау тапсырмаларының үлгілері ұсынылады.

Нұр-Сұлтан қаласындағы №58 мектеп-гимназияның «Биология» пәні мұғалімі Хурмет Гульданың іс-тәжірибесінен жиынтық бағалау тапсырмаларының үлгісі.

«Жасушалық биология» тарауына арналған жиынтық бағалау

Оқу мақсаты.

10.4.2.1 Электронды микроскоп арқылы көрінетін жасуша органоидтерінің құрылысы мен қызметінің ерекшеліктерін түсіндіру.

10.4.2.2 Жасуша мембранасының сұйық кристалды моделін пайдаланып, жасуша мембранасының құрылымы, қасиеттері және арасындағы байланысты орнату.

10.4.2.3 Прокариот және эукариот жасушаларның құрылымы ерекшеліктері мен қызметін салыстыру

Бағалау критерий : Жасушаның микроскоппен көрінетін органоидтарының құрылысы мен қызметінің ерекшеліктерін біледі.

Прокариот және эукариот жасушаларының құрылым ерекшеліктерін сипаттайды.

Жасуша мембраналарының арасындағы байланысты орнатады.


Ойлау дағдыларының деңгейлері.

білу, түсіну
қолдану, жоғары деңгей дағдылары

Орындау уақыты: 20 минут

Тапсырмалар

№1 тапсырма. Төмендегі кілт сөздерді пайдаланып, суретке жасушаның органоидтарының атауларын жазыңыз.



1-сурет

Кілт сөздер: ядрошық , цитоплазма, митохондрия,эндоплазмалық тор, ядро; плазмалық жарғақша.

1.----- 2.----- 3.----- 4.----- 5.-----
----- 6.-----

2-тапсырма.

Жасуша органоидтары мен олардың құрылысы мен қызметіне сипаттама беріңіз


Мембраналы органоидтар	Органоидтар аты	Құрылымы	Қызметтері
Қос мембраналы			АТФ молекуласын сипаттайды.
	ЭПТ		
		Центриольдерден және микротүтікшелерден тұрады	

3-тапсырма. Әр түрлі организмдердің жасушаларының құрамына кіретін органикалық қосылыстарды пайдаланып биологиялық диктантты аяқтаңыз.

Саңырауқұлақтардың жасуша қабырғасының негізгі компоненттері----- және -----.

Жасуша қабықшасының сыртқы бетіне -----, -----, ----- жиналады.

4-тапсырма. Төменде берілген 2- суретте жасушаның микроскоппен қарағандағы суреті берілген.



2-сурет

(а). А және В жасушаларының атын табыңыз

А-----

В-----

(в). Осы жасушаның құрылысына сипаттама беріңіз.

А-----

В-----

5 тапсырма. Центромераның орналасуы бойынша 2,8 хромосомаларды атын тауып, ерекшелігін жазыңыз.

3-сурет



№2.-----

№8.-----

6-тапсырма. Жасушалық мембрананы құрайтын фосфолипидтер, гликопротеиндер, гликолипидтер 4-суретте берілген. Осыны негізге ала отырып мембрананың құрылысы мен қызметін кестеге толтырыңыз.



4 –сурет

Мембраналық құрылым	Қызметі
Фосфолипидтер	
Гликопротеиндер	

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Жасушаның микроскоппен көрінетін органоидтарының құрылысы мен қызметінің ерекшеліктерін сипаттайды.	№1	Жасуша органоидтарының атауларын табады	1
	№2	Қос мембраналы органоидтың атын тауап, құрылымы мен қызметін сипаттайды.	2
		Бір мембраналы органоидтың атын тауап, құрылымы мен қызметін сипаттайды	2
		Мембранасыз органоидтың атын тауап, құрылымы мен қызметін сипаттайды	2
Прокариот және эукариот жасушаларының құрылым ерекшеліктерін сипаттайды.	№4	А. жасушаның аттарын табады	1
		В жасушаның аттарын табады	1
		А. жасуша құрылысына сипаттама береді.	1
		В. жасуша құрылысына сипаттама береді	1
	№5	Центромерада орналасқан 2	1

		хромосоманың атын , ерекшелігін жазады.	
		Центромерада орналасқан 8 хромосоманың атын , ерекшелігін жазады.	1
Жасуша мембраналарының арасындығы байланысты орнатады.	№6	Мембрананың құрылысын құрайтын фосфолипидтің құрылысын, қызметін сипаттайды.	1
		Мембрананың құрылысын құрайтын нәруыз гликопротеиндер құрылысын, қызметін сипаттайды.	1
Барлығы			16


Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан қаласындағы Ю. Гагарин атындағы орта мектебінің биология пәні мұғалімі Фаимова Гүлден Қанатқызының тәжірибесінен:

Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары тарауына жиынтық бағалау

Оқу мақсаттары	10.2.4.1 Модификациялық өзгергіштіктің заңдылықтарын зерттеу; 10.2.4.2 Дигибридті будандастыру, жыныспен тіркескен тұқым қуалау мен көп аллельділіктің цитологиялық негіздеріне есеп шығаруда қолдану; 10.2.4.4 Аллельді және аллельді емес гендерді өзара әрекеттесуін салыстыру; 10.2.4.5 Хуго де Фриздің мутация теориясын, мутагенез себептер, мутагенез себептерін және мутация түрлерін зерттеу; 10.2.4.6 Хромосомалар санының ауытқуымен байланысты адамның хромосомдық ауруларын сипаттау.
Бағалау критерий	Білім алушы <ul style="list-style-type: none"> • Модификациялық өзгергіштіктің заңдылықтарын зерттейді; • Дигибридті будандастыру; жыныспен тіркескен тұқым қуалау мен көп аллельділіктің цитологиялық негіздеріне есептер шығарады; • Аллельді және аллельді емес гендердің өзара әрекеттесуін салыстырады; • Хуго де Фриздің мутация теориясын, мутагенез себептер, мутагенез себептерін және мутация түрлерін зерттейді; • Хромосомалар санының ауытқуымен байланысты адамның хромосомдық ауруларын (аутосомдық және жыныстық) сипаттайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Түсіну, талдау, қолдану
Орындау уақыты	20 минут


Тапсырма

1. Төменде берілген суреттен жапырақтардың ұзындығы бойынша орналастырылғанын көруге болады. Мұны вариация қатары деп атайды. Ол варианттардан тұрады, ал вариант дегеніміз — белгі дамуының жеке көрінісі.



1 сурет

(а) берілген кестеге кездесу жиілігі бойынша орналастырыңыз және өзгермелі нұсқа қатарынан жоғарғы және төменгі цифрлар варианттарының кездесу жиілігін көрсетіңіз:




Кездесу жиілігі						
Жапырақ ұзындығы	43	45	48	53	56	58

(в) Жоғары да берілген графикке, вариациялық қатарының статистикалық көрсеткішін анықтап, варианттардың өзгерісінің қисық сызығын құрыңыз.

2. Тұқымның түсі мен пішіні бойынша гетерозиготалы өсімдіктің осы екі белгісі бойынша да рецессивті гомозиготалы өсімдікпен будандастырылған. Алынатын ұрпақтың генотиптері мен фенотиптерін табындар.

3. Төмендегі 2-суреттегі сызбаны қолдана отырып тапсырманы орындаңыз




(а) бірінші ұрпақтың нәтижесі: _____

(b) берілген есептегі екінші ұрпақты көрсетіңіз : _____




(c) Нәтижесін сипаттаңыз: _____

4. (а) Төменде берілген хромосома құрылысына назар аударыңыз, оның құрылысының өзгеруіне байланысты орын алынған мутацияны зерделеңіз.



3 сурет

(b) Төмендегі суреттерге назар аударыңыз. Хромосомалар санының ауытқуымен байланысты адамның хромосомдық ауруларын сипаттаңыз.

Берілгені	№	Сипаттамасы
	1	
	2	
 <p>Синдром Клайнфельтера, 47 / XXY</p>	3	

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Модификациялық өзгеріштіктің заңдылықтарын зерттейді	1	Жапырақтың жиілігі бойынша орналастырады және өзгермелі нұсқа қатарынан жоғарғы және төменгі цифрлар варианттарының кездесу жиілігін көрсетеді;	1
		Графикке вариациялық қатарының статистикалық көрсеткішін анықтап, варианттардың өзгерісінің қисық сызығын құрастырады.	1
Дигибридті будандастыру, жыныспен тіркескен тұқым қуалау мен көп аллельділіктің цитологиялық негіздеріне есептер шығарады	2	генетикалық белгілерді пайдаланып генетикалық есепті шығарады.	1
		ата – анасының генотиптері;	1
		гаметалар;	1
		ұрпақ генотиптері;	1
		ұрпақ фенотиптері;	1
Аллельді және аллельді емес гендердің өзара әрекеттесуін салыстырады	3	бірінші ұрпақтарды анықтайды;	1
		берілген есептегі екінші ұрпақты анықтайды;	1
		Нәтижесін сипаттайды;	1
Хуго де Фриздің мутация теориясын, мутагенез себептер, мутагенез себептерін және мутация түрлерін зерттейді	4	хромосома құрылысының өзгеруіне байланысты орын алатын мутацияны анықтап, сипаттама береді;	2
		№ 1 ауруын сипаттайды;	1
		№ 2 ауруын сипаттайды;	1
		№ 3 ауруын сипаттайды;	1
Хромосомалар санының ауытқуымен байланысты адамның хромосомдық ауруларын (аутосомдық және жыныстық) сипаттайды			
Барлығы			15

«Тұқымқуалаушылық және өзгергіштік заңдылықтары» бөлім бойынша жиынтық бағалаудың ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика
 Білім алушының аты _____
 жөні _____

Бағалау критерийі	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	Төмен	Орташа	Жоғары

Модификациялық өзгергіштіктің заңдылықтарын зерттейді	Жапырағының өзгермелі нұсқа қатарынан жоғарғы және төменгі цифрлар варианттарының кездесу жиілігін көрсетуде қиналады <input type="checkbox"/>	Жапырақтарының вариациялық қатарының статистикалық көрсеткішін анықтауда және варианттардың өзгерісін график сызығын құрастыруда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Жапырақтарының вариациялық қатарының статистикалық көрсеткішін анықтап, варианттардың өзгерісіннің графигін сызығын дұрыс құрастырады <input type="checkbox"/>
Дигибридті будандастыру; жыныспен тіркескен тұқым қуалау мен көп аллельділіктің цитологиялық негіздерін есептер шығаруда қолдану	Дигибридті будандастырудан пайда болған ұрпақтарды анықтау үшін генетикалық символдар қолдануда қиналады <input type="checkbox"/>	Тиісті генетикалық белгілерді пайдаланып генетикалық сызбаны толтыруда, ата – анасының генотиптері/гаметалар/ұрпақ генотиптері/ұрпақ фенотиптерін толтыруда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Дигибридті будандастырудан пайда болған ұрпақтарды анықтау үшін генетикалық символдарды дұрыс қолданады <input type="checkbox"/>
Аллельді және аллельді емес гендердің өзара әрекеттесуін салыстыру	Аллельді және аллельді емес гендердің өзара әрекеттесуін салыстырады <input type="checkbox"/>	Бірінші және екінші ұрпақты анықтауда, берілген есептегі гендердің әрекеттесу түрін көрсетуде/жауабын негіздеуде қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Аллельді және аллельді емес гендердің өзара әрекеттесуін дұрыс салыстырады <input type="checkbox"/>
Хуго де Фриздің мутация теориясын, мутагенез себептер, мутагенез себептерін және мутация түрлерін зерттейді	Хуго де Фриздің мутация теориясын, мутагенез себептер, мутагенез себептерін және мутация түрлерін зерттеуде қиналады	Хромосома құрылысының өзгеруіне байланысты орын алатын мутацияны анықтап, сипаттама беруде қателіктер жібереді	Хуго де Фриздің мутация теориясын, мутагенез себептер, мутагенез себептерін және мутация түрлерін дұрыс зерттейді <input type="checkbox"/>
Хромосомалар санының ауытқуымен байланысты адамның хромосомдық ауруларын (аутосомдық және жыныстық) сипаттау	Хромосомдық аурулардың атауы және ауруларды анықтауда қиналады	Хромосомдық аурулардың атауын және белгілерін сипаттауда қателіктер жібереді <input type="checkbox"/>	Хромосомалар санының ауытқуымен байланысты адамның хромосомдық ауруларын атап, анықтау арқылы ауру белгілерін дұрыс сипаттайды <input type="checkbox"/>

ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН
СПЕЦИФИКАЦИЯ

1-тоқсан бойынша жиынтық бағалауға шолу

Ұзақтығы - 40 минут

Балл саны – 30 балл

Тапсырма түрлері:

КТБ - көп таңдауы бар тапсырмалар;

ҚЖ - қысқа жауапты қажет ететін тапсырмалар;

ТЖ - толық жауапты қажет ететін тапсырмалар.

Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсан бойынша жиынтық бағалауда әр түрлі тапсырмалар типтері пайдаланылды: қысқа/ толық жауапты тапсырмалар.

Бұл нұсқада бірнеше жауаптан таңдауды қажет ететін, қысқа және толық жауапты қажет ететін 15 тапсырма бар.

Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмаларда оқушы жауапты сандық мән түрінде, сөз немесе қысқа сөйлем түрінде жазады.

Толық жауапты қажет ететін тапсырмаларда оқушы максималды балл жинау үшін тапсырмадағы тізбекті әрекеттерді орындай отырып, шешімін табады. Оқушының таңдау және математикалық контекст тізбегіндегі математикалық тәсілдерді қолдана алу қабілеті бағаланады. Тапсырмаларда бірнеше құрылымдық бөлімдер/сұрақтар болуы мүмкін.

1-тоқсандағы жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

Бөлім	Тексерілетін мақсаттар	Ойлау дағдысының дәрежесі	Тапсырманың саны*	Тапсырманың № *	Тапсырманың типі *	Орындау уақыты, мин*	Балл*	Бөлім бойынша балл
10.1А Молекулалық биология және биохимия	10.4.1.1 Жердегі тіршілік үшін судың іргелілі маңызын түсіндіру	Білу және түсіну, қолдану	2	1,7	ТЖ	4	2	16
	10.4.1.2 Көмірсуларды құрылымы, құрамы және қызметтері бойынша жіктеу	Білу және түсіну	1	2	ҚЖ	1	1	
	10.4.1.4 Майлардың химиялық құрылымын түсіндіру	Білу және түсіну, қолдану	2	3,8	КТБ ҚЖ	5	3	
	10.4.1.5 Нәруыздарды олардың құрылымы, құрамы, атқаратын қызметтері бойынша жіктеу	Қолдану	2	4,14	ҚЖ	5	3	
	10.4.1.8 ДНҚ құрылымы мен қызметі арасындағы байланысты орнату	Жоғары деңгей дағдылары	2	9,12	ҚЖ/ТЖ	5	6	
	10.4.1.10 РНҚ типтерінің құрылысы мен қызметтерін ажырату	Жоғары деңгей дағдылары	1	5	ҚЖ/ТЖ	2	1	
10.1В Жасушалық биология	10.4.2.1 Электронды микроскоп көрінетін жасуша органоидтерінің құрылысы мен қызметтерінің ерекшеліктерін түсіндіру	Қолдану	1	11	ҚЖ / ТЖ	5	4	10
	10.4.2.2 Жасуша мембранасының сұйық кристалды моделін пайдаланып, жасуша мембранасының құрылымы, қасиеттері және қызметтері арасындағы байланысты орнату	Білу және түсіну, қолдану	2	6,10	КТБ/ҚЖ/ТЖ	5	3	

10.4.2.3	Прокариот және эукариот жасушаларының құрылым ерекшеліктері мен қызметтерін салыстыру	Қолдану	1	13	ҚЖ	3	3	
----------	---	---------	---	----	----	---	---	--

10.1С	10.1.2.1	Әр түрлі жағдайлардың (температура, рН, субстрат пен ингибитор концентрациясы)	оғары деңгей дағдылары	1	15	КТБ/ ТЖ	5	4	4
		Барлығы					30	30	
<i>Ескерту: * - өзгеріс енгізуге болатын бөлімдер</i>									

Фаимова Гүлден Қанатқызы, Зайсан қаласы, Ю. Гагарин атындағы орта мектебі, Шығыс Қазақстан облысы «Биология» пәнінен 1 тоқсан бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар

1. Біздің ғаламшар үшін судың маңыздылығының 3 себебін жазыңыз:

[2]


(а) Төмендегі суретте өсімдіктің табиғаттағы су айналымына қатысуы қандай процес арқылы көрсетілген



Жауабы:

[1]

2. Галактоза –қалдықтарынан құралған пектиндік заттардың молекулалары арасындағы байланысты анықтаңыз



1-сурет

- A) $\alpha(1.2)$ – гликозидтік байланыс
- B) $\alpha(1.6)$ - гликозидтік байланыс
- C) $\alpha(1.4)$ – гликозидтік байланыс
- D) (1.4) – гликозидтік байланыс

[1]

3. Тағам өндірісінде жарамдылық мерзімін ұлғайту үшін қолданылатын майлар

- A) Транс-майлар
- B) Қанықпаған майлар
- C) Қатты майлар
- D) Қаныққан майлар


[1]

(а) Төменде берілген кестеге тірек сөздерді пайдалана отырып, липидтерді құрамына қарай жинақтаңыз

Липидтер	
Қарапайым липидтер (екі компоненттен құралады)	Күрделі липид (үш және оданда көп компоненттен құралады)
	1.
	2.
	3.
Май қышқылы, үш атомды спирт, глицерин, фосфор қышқыл қалдығы,	

[2]

4. Төмендегі суретті пайдалана отырып, нәруыздың құрылымдық деңгейлерін топтастырыңыз



A _____ B _____
C _____ D _____

[1]

(a) Нәруыздардың қызметтерін төмендегі кестеге топтастырыңыз

Нәруыздардың атауы	Қызметтері
Гемоглобин	Жиырылғыш
Фибрин	Тасымалдау
Инсулин	Қорғаныштық
Миозин	Реттеуші


[2]

5. ДНҚ тізбегінен көшірілініп алынған а - РНҚ тізбегін дұрыс құрастырыңыз.



A	a- РНҚ – 3' У-А-Ц-Г-Г-Ц-А-У-А-У-Ц-Г-У-А-Ц-Г-Г-Ц-А-У-А-У-Ц-Г 5'
B	a- РНҚ – 5' А-Т-Г-Ц-Ц-Г-Т-А-Т-А-Г-Ц-А-Т-Т-Ц-Ц-Г-Т-А-Т-А-Г-Ц 3'
C	a- РНҚ – 5' У-А-Ц-Г-Г-Ц-А-У-А-У-Ц-Г-У-А-Ц-Г-Г-Ц-А-У-А-У-Ц-Г 3'
D	a- РНҚ – 3' А-Т-Г-Ц-Ц-Г-Т-А-Т-А-Г-Ц-А-Т-Т-Ц-Ц-Г-Т-А-Т-А-Г-Ц 5'

Төмендегі суретте ДНҚ молекуласының құрылымы берілген.



[1в)Төменде берілген А және В суреттерн анықтап, салыстырыңыз

А

В

